

МАҚҰЛБЕК АЗАМАТ БОЛАТБЕКҰЛЫ

ҚАЗАҚ ТОПОНИМДЕРІНІҢ ФОНОСЕМАНТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

10.02.02 – қазақ тілі

**филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін
алу үшін дайындалған диссертацияның**

АВТОРЕФЕРАТЫ

**Қазақстан Республикасы
Алматы, 2008**

Жұмыс Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында орындалған

| | |
|--------------------|---|
| Ғылыми жетекшісі: | филология ғылымдарының докторы, профессор К.Ш.Хұсайын |
| Ресми оппоненттер: | филология ғылымдарының докторы, профессор Авакова Р.А. филология ғылымдарының кандидаты Исмаилова Ж.А. |
| Жетекші ұйым: | Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдер университеті |

Диссертация 2008 жылы « 24 » қазан сағат 14-те ҚР БЖҒМ Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты жанындағы 10.02.06 - түркі тілдері және 10.02.02 - қазақ тілі мамандықтары бойынша филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін диссертация қорғайтын Д 53.38.01 диссертациялық кеңестің мәжілісінде қорғалады (050010, Алматы қаласы, Құрманғазы көшесі, 29).

Диссертациямен ҚР Білім және ғылым министрлігінің Орталық ғылыми кітапханасында танысуға болады (050010, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 28).

Автореферат 2008 жылы « 24 » қыркүйекте таратылды

Диссертациялық кеңестің
ғалым хатшысы, филология
ғылымдарының докторы, профессор

Ж.А.Манкеева

ЖҰМЫСТЫҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ

Зерттеу жұмысының өзектілігі. Адам тіліндегі сөздердің дыбыстық тұлғасы мен олардың мағынасы арасындағы байланыс мәселесі лингвистерді өте ерте заманнан бері қызықтырып келе жатқаны белгілі. Көне грек философы Гераклит пен Демокрит дыбысталған сөз бен оның мағынасы арасындағы байланыс жөнінде пікірталас жүргізген. Платон жекелеген дыбыстар мен аталған заттардың сипаттары арасында ассоциация, яғни байланыс бар деп есептеген. Дыбыстық символика құбылысы әлемнің барлық тілдерінде кездеседі, сондықтан да болуы керек осы мәселе көрнекті лингвистер назарында болып келді.

Тіл білімінде ХХ ғасырдың 80 - ші жылдарынан бастап пайда болған фоносемантика бағыты С.В.Ворониннің есімімен байланысты. С.В.Воронин ұсынған фоносемантикалық талдау, сараптау әдісі түрлі тілдер негізінде И.В.Братусь, О.А.Казакевич, Т.Х.Койбаева, А.Ю.Афанасьев, Е.И.Кузнецова, Э.А.Вельди, И.А.Мазанаев, Л.Ф.Лихоманова, К.Ш.Хұсайын және т.б. ғалымдардың зерттеулерінде қолданылды.

Қазақ тіл білімінде дыбыс еліктеуіш сөздер А.И.Ысқақов, Ш.Ш.Сарыбаев, А.Т.Қайдар, Б.Ш.Қатембаева, С.Р.Ибраев еңбектерінде зерттелінді. Осы ғалымдардың зерттеулерінде дыбыс еліктеуіш сөздер лексика-семантикалық, морфологиялық, синтаксистік тұрғыдан сөз тобы ретінде қарастырылды.

Дыбыс бейнелеуіш (дыбыс еліктеуіш) сөздердің зерттелу тарихының екінші кезеңі К.Ш.Хұсайынның зерттеулерінде бүгінгі тіл білімінің жаңа талаптарына сай, озық әдістемелер негізінде жаңа қырынан зерттелінді. Атап айтсақ, қазақ тілінің бейнелеуіш сөздері фоносемантиканың теориялық қағидалары мен әдістемелері негізінде 9500-ден астам бейнелеуіш түбір және негіз дериватив сөздердің, қырықтан астам туыс және туыс емес тілдердің (түркі, тұңғыс-манчжур, үндіеуропалық, семиттік тілдер) негізінде олардың экстралингвистикалық сипаты ескеріле отырып, салыстырмалы-типологиялық түрде зерделенген. Нәтижесінде, тіларалық генетикалық және типологиялық сәйкестіктер айқындалып, дыбыстардың астарлы табиғаты психолингвистика теориясы қағидалары негізінде сарапталған. Жаңа бағыттағы фоносемантика теориясы саласындағы ізденістері шәкірттері С.А.Өткелбаева, А.Ислам, М.Жұбанова, Б. Жонкешов еңбектерінде өз жалғасын тапты.

Қазақ тілінің еліктеуіш сөздері морфологиялық жағынан қарастырылып, фоносемантика ғылымы негізінде жаңаша үрдісте зерделенгенімен, қазақ тілі сөздік қорының көптеген лексика-семантикалық, тақырыптық және категориялық топтары әлі күнге зерттелмеген. Сондай топтардың бірі ретінде қазақ топонимдері мен негізгі сөздік қорындағы географиялық апеллативтер фоносемантика теориясы тұрғысынан арнайы зерттеу нысаны ретінде қазақ тіл білімінде күні бүгінге дейін қарастырылмаған. Ғ.Ж.Ермекбаевтың диссертациялық еңбегінің шағын тараушасында тек орографиялық апеллативтер – жер бедері атауларының фоносемантикалық сипаттары ғана зерделенген.

Ал, қазақ тілінің топонимиялық және географиялық терминология қорында өте көне, ежелгі сөздер «сүрленген» түрде сақталғанын ескерсек, олардың фоносемантикалық болмысын және сипаттарын ашу барысында глоттохрония сырларының шет жағасы ашылатыны күмәнсіз. Сонымен бірге дыбыстық символика құбылысының зерттеу нысаны бүгінге дейін тек жалпы есімдерде қарастырылған, ал топоним шеңберінде жүргізілетін фоносемантикалық ізденістердің тың деректер беретіні дау тудырмайды.

Таңдалған тақырыптың өзектілігі топонимдер мен географиялық терминдердің фоносемантикалық талдау нәтижесінде айқындала түсетін жалпы дыбыстық бейнелеуіштік табиғатының жаңа қырларын ашу мүмкіндіктерінен туындайды. Зерттеу жұмысының өзектілігі сонымен бірге жалпы тіл біліміндегі антропоөзектік бағытқа сәйкес дыбыс бейнелеуіштік тіл табиғатын адам болмысымен, оның қимыл-әрекетімен ұштастыра талдаумен айқындалады.

Зерттеу нысаны. Қазақ тіліндегі гидронимдер, оронимдер және орографиялық, гидрографиялық апеллятивтердің фоносемантикалық (дыбыс бейнелеуіш) сипатын зерттеу.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері. Диссертациялық жұмыстың негізгі мақсаты – қазақ оронимдері мен гидронимдерінің, орографиялық және гидрографиялық терминдері қалыптасуының фоносемантикалық сипатын ашу.

Аталған мақсат мынадай міндеттерді шешуді талап етеді:

-Қазақ топонимиялық жүйесінің қалыптасу мәселесін, зерттеу жұмысын жаңа жүйеде қарап, фоносемантикалық құрылымын анықтау.

-халықтық географиялық терминдерді фоносемантикалық тұрғыдан қарастырудағы глоттогенез мәселесіне назар аудару;

-гидрографиялық апеллятивтердің фоносемантикалық сипаттамасын анықтау;

-жер бедері атауларының (орографиялық апеллятивтер) фоносемантикалық сипатын талдау;

-қазақ тіліндегі дыбыс еліктеуіш топонимдердің фоносемантикалық сипатын айқындау;

-қазақ топонимдер жүйесінің этимологиялық қырларын анықтауды фоносемантикалық зерттеулермен сабақтастыру;

-қазақ тіліндегі дыбыс символикалы гидронимдердің фоносемантикалық этимологиясын ашу;

-қазақ оронимдерінің этимологиялық зерттеулерін фоносемантикалық негізде түсіндіру.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы мен нәтижелері. Қазақ тіл білімінде арнайы түрде қазақ топонимдері мен географиялық терминдер фоносемантика теориясы тұрғысынан алғаш рет зерттелді.

-фоносемантика ғылымының талаптарына сәйкес, әдістері мен тәсілдері негізіндегі зерттеу нысанына сәйкес қазақ топонимдері мен географиялық терминдердің дыбыс еліктеуіш және дыбыс бейнелеуіш сипаттары анықталды;

-қарастырылған тілдік деректер негізінде тілдің пайда болу дәуіріндегі идеофон мен имитатив табиғатының кейбір қырлары мен сипаты айқындалды;

-зерттеу нысаны негізінде глоттогенез мәселесі фоносемантикалық тұрғыдан қарастырылды;

-дыбыс еліктеуіш пен дыбыс символикалы сөздердің айырым белгілері мен ерекшеліктері көрсетілді;

-зерттеудің барысында фоносемантикалық талдаудың әдіс-тәсілдері нақтыланды;

-кейбір топонимдердің этимологиясын анықтаудың тиімді арналарының бірі ретінде фоносемантикалық реконструкцияның мүмкіншіліктері көрсетілді.

Зерттеу жұмысының дереккөзі. Зерттеу материалдары мен дереккөздері ретінде тақырыпқа қатысты жер - су атаулары, физикалық - географиялық атаулар туралы мәліметтер, түркі және басқа да тілдердің тарихи - этимологиялық сөздіктері, халықтық географиялық терминдер сөздігі, сондай-ақ ономастикалық комиссияның құжаттары мен шешімдері, жалқы және жалпы атауларға қатысты зерттеулердің деректері пайдаланылды.

Зерттеудің теориялық және практикалық мәні. Қазақ тіл біліміндегі фоносемантика теориясының ғылыми негізін айқындау, оның ұстанымдары мен әдіс-тәсілдерін қазақ тіл білімінде нақты пайдалану зерттеудің өз деңгейіндегі теориялық маңыздылығы мен практикалық мәнділігін анықтайды.

Зерттеу барысында қол жеткізген ғылыми нәтижелер мен тұжырымдар фоносемантика, ономастика, психоллингвистика, тілдер типологиясы мәселелерін жан-жақты зерделеуге, олардың теориялық қағидаларын қазақ тілі деректері негізінде дәйектеуге көмектеседі.

Зерттеудің нәтижелері мен материалдарын фоносемантика, ономастика, жалпы тіл білімі, топонимика, лингвистикалық типология пәндері мен ғылым салаларын зерттеуде, оқытуда, лексикографиялық тәжірибеде пайдалануға болады.

Зерттеудің әдістері мен тәсілдері. Зерттеу барысында жинақтау, сипаттау, жүйелеу, салыстыру және алты операциядан (тәсілден) тұратын С.В.Воронин ұсынған фоносемантикалық талдау әдісі кеңінен қолданыс тапты. Сонымен бірге индуктивтік, жүйелеу, сипаттама, салыстырмалы, салғастырмалы т.б. әдіс тәсілдер қолданылды.

Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар:

-қазақ тілінің географиялық терминологиясы мен топонимиялық сөз қорындағы дыбыс бейнелеуіш сөздер идеофон және имитатив сипаттарына ие;

-тілдің пайда болу дәуіріндегі бір буынды идеофондар мен имитативтер түбір-негіз ретінде лексикаланған, грамматикалық формаларға енген туынды сөздер құрамында сақталған;

-жер бетінен биікте жатқан табиғи нысан атауларының фоносемантикалық сипаты мен имитативтік бейнесі еріндік дыбыстардың символизміне негізделген;

-дыбыс еліктеуіш топонимдер қатарындағы атаулардың түбірі имитативтік сипатта болған, яғни түбір құрамындағы әр идеофон және түбірдің өзі табиғи дыбыстарға, үннің шығуына еліктейді;

-дыбыс символикалы гидронимдердің түбірлер құрамындағы фонемалары (идеофонемалар) өздерінің артикуляциялық ерекшеліктері арқасында

синестезия, синестемия негізінде судың өзен ағынының түрлі визуальді, тактильдік, сенсорлық, акустикалық сипаттарын фоносемантикалық деңгейде бейнелейді;

-фоносемантикалық талдау негізінде қазақ оронимдерінің тұлғасындағы түбірлердің имитативтік, дыбыс символикалы сипатын, болмысын айқындауға болады.

Зерттеу жұмысының жарияланымы мен талқылануы. Зерттеу жұмысының теориялық мәселелері мен тұжырымдары ғылыми журнал мен жинақтар беттеріндегі мақалалардан, республикалық, халықаралық конференцияларда жасаған баяндамалардан көрініс тапты: Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 15-жылдығына арналған «Әуезов оқулары -5»: «Қазақстанда гуманитарлық ілімдердің дамуы: ізденістер, даму перспективалары мен бағыттары» атты халықаралық ғылыми - тәжірибелік конференцияның еңбектері. – (Шымкент, 2006); Қазақ тіл білімі мен түркітану мәселелері: І.Кеңесбаев, М.Балақаев, Ғ.Мұсабаевтың 100 жылдығына арналған ғылыми – теориялық конференцияның материалдары, – (Алматы, 2007); «М.Әуезов – жаңа дәуір данышпаны» атты халықаралық ғылыми – тәжірибелік конференция материалдары. – (Шымкент, 2007); «Жаңа ғасырдағы Қазақстанның тілдік кеңістігі және әлемдік лингвистиканың өзекті мәселелері»: Б. Хасанұлының 70 жылдық мерей тойына арналған халықаралық ғылыми – теориялық конференция материалдары. – (Алматы, 2008); «Профессор Н.Оралбай және Тіл білімі мен әдістеме ілімі»: Н.Оралбайдың 80 жылдық мерей тойына арналған халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – (Алматы, 2008); «Қазақстанның білім беру жүйесіндегі тарих пәндерінің өзекті мәселелері»: Шымкент педагогикалық институтының 70 жылдығына арналған II – халықаралық ғылыми – практикалық конференцияның материалдары. – (Шымкент, 2008). Республикалық басылылымдарда төрт ғылыми мақала жарияланды.

Зерттеу жұмысының құрылымы. Диссертациялық зерттеу кіріспеден, екі тараудан, қорытындыдан және пайдаланған әдебиеттер тізімінен тұрады.

ЖҰМЫСТЫҢ НЕГІЗГІ МАЗМҰНЫ

Кіріспіде диссертация тақырыбының өзектілігі, жұмыстың мақсаты мен міндеттері, ғылыми жаңалығы, зерттеу әдістері, сарапталуы және қорғауға ұсынылатын тұжырымдар айқындалып көрсетілді.

Бірінші тарау “**Қазақ тіліндегі халықтық географиялық терминдердің фоносемантикалық сипаттамасы**” деп аталады. Бұл тақырып үш тараушада сараланған.

1.1 Халықтық географиялық терминдерді фоносемантикалық тұрғыдан қалыптастырудағы глоттогенез мәселесінің рөлі. Ғалымдардың пікірінше, алғашқы сөз қорының белгілі бір бөлігін географиялық терминдер құраған. Алғашқы жер - су атаулары тілдің шығу дәуірінде адамзаттың қауымдастық тіршілігі үшін бірінші кезекте үлкен маңызға ие болған. Сол себепті халықтық географиялық терминдерді глоттогенез мәселесімен байланысты қарастыруға болады.

А.М.Газов-Гинзберг өзінің «Был ли язык изобразителен в своих истоках?» (М., 1965) атты монографиясында, сондай-ақ басқа да ғылыми еңбектерінде семит тілдерінің туыс емес төрт тілдік семьяларындағы дыбыс бейнелеуіш түбірлерді салыстыра келе, тілдің пайда болуындағы дыбыс пен мағынаның байланыстылығын көрсеткен. Ал, чуваш ғалымы Г.Е.Корнилов өзінің зерттеулерінде «идеофон және имитативтер символикалық түрде дыбыс бола тұра, жанды немесе жансыз объектілерді бейнелей алады» деген пікірді дәйекті түрде ұсынды [1, 14].

Көне заманнан қазіргі тілтанымға дейін және қазіргі кезеңде фоносемантика бағыты өркендей бастаған жағдайда, сөздегі дыбыс пен мағына байланысы көптеген ғалымдарды толғандырды. Дыбыстағы заттың (аталған нысанның) символикалық немесе еліктеуіш көрінісі кейбір ғалымдар тарапынан тілдің пайда болу мәселесімен байланысты қаралды. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ тілінің негізгі сөздік қорында сақталып қалған кейбір географиялық терминдерді еліктеуіш және дыбыс символикалық сөздер ретінде «алғашқы» сөздер қатарына жатқызуымызға болады. Бастапқы немесе «алғашқы» сөздер дыбыс бейнелеуіш сөздер болғаны жайында академик Ә.Қайдар былай жазады: «Бағзы заманда дыбысты елестетудің өте көне ең қарапайым түрі әрбір тілде тек бір ғана дауысты дыбыстың көмегімен жүзеге асса керек және осылай болуы күмәнсіз де. Демек, о баста ата-бабаларымыздың қоршаған ортадағы дыбысты елестету қабілеті өте бір жақты, жалпылама, яғни сөйлеу тіліндегі /a/, /ə/, /o/, /θ/, /e/, /ʏ/, /ы/, /i/ секілді дауысты дыбыстар негізінде дүниеге келген. Өте көне географиялық терминдердің құрамында ілкі еліктеуіш түбір сақталғанымен, тілдің эволюция барысында ол түбір – дыбыс бейнелеуіш тұлға дербес қолданудан қалады, себебі «кұбылысқа еліктеудің мәні мен мағынасына, табиғатына қарай, дауысты дыбысқа үнемі дауыссыздар үстемеленіп жалғанып отырған» [2, 174]. Еліктеуіш негіздердің құрамдық дамуы бірнеше тарихи сатыдан өтіп, ұзақ кезеңдерді өткізгенін ескерсек, қазақ тіліндегі көне деп саналатын географиялық терминдердің тілдік тұлғасынан ілкі еліктеуіш түбірді тауып алып, оны фонемотип немесе идеофон, имитатив сипатында қарастырып, фоносемантикалық сипаттамасын бере аламыз. Басқаша айтқанда, тілдің пайда болған кезеңінде туындаған «алғашқы» сөздер ретінде географиялық терминдер таза, дербес күйінде күні бүгінге жетпеуі мүмкін, бірақ ілкі бейнелеуіш түбірлі көне терминдер өз морфемдік (морфологиялық) құрамын сақтап қалған.

Қазақ халықтық географиялық терминдерінің құрамында кездесетін өте көне сөздердің тілдің алғашқы шығу дәуірінде пайда болғанын көрсететін дәйекті және жанама сипаттамаларына жататын мына белгілерді атап кетуімізге болады: 1) олар, әдетте, бір буынды ілкі түбірлі сөздер болып келеді; 2) географиялық термин ретінде көптеген тілдердің сөздік қорында кездеседі, тіптен бір-біріне жанаспайтын, туыс емес тілдерде де ондай географиялық апеллятивтер ұшырасып қалады; 3) өте көне, «алғашқы» географиялық түбірлерде (сөздерде) дыбыс бейнелеуіштік қызметін атқаратын имитатив, идеофон (Г.Е.Корниловтың терминологиясы бойынша) немесе фонемотип, фоносемантикалық модель (С.В.Ворониннің терминологиясы бойынша) міндетті түрде болады.

Қазақ халықтық географиялық терминологиясында кездесетін, бірақ мағынасы көмескіленіп қалған және қазіргі кезде дербес қолданылмайтын **қара** сөзінің (**Найзақара, Үшқара** т.б. топонимдерде) фонеморфологиялық және семантикалық параллельдері трансконтинентальдық ареалдарда ұшырасады. Э.М.Мурзаевтың көрсетуінше, мысалы, осындай семантикалық және морфемдік тұлғалары өте жақын апеллятивтерге орыс тілінде **гора**, ауған тілінде **гар**, грузин тілінде **гора** – «**горка, холм**», албандарда – **gur**, армяндарда **кар** – «**камень**», авестада **gairi** – «**гора**», хиндиде – **гар** – «**замок, крепость**», тибетте **гархи** – «**крепость**», әзербайжандарда **отгар** – «**гора с хорошими пастбищами**», Сахарада **гара** – «**холм с твердыми склонами, скалистый останец, скалистая гора**» жатады [3, 109]. Қазақ халықтық географиялық **қара** термині мағыналық және тұлғалық жағынан Сахарадағы **гараға** өте ұқсас, жақын: **Қара (қара; дәлме - дәл мағынасы - қара; карталарда көбіне - гара)** жалаңаш тұстары көбіне кәдімгі қара түсті болып келетін қатты тау жыныстарынан құралған шоқы немесе салыстырмалы түрде ірі болып келетін биіктік. Көкжиектен қарағанда, мұндай биіктіктің сұлбасы алыстан қара болып көрінеді. Осыдан келіп ол қара деген атау алған. Қазіргі таңда қара сөзі термин ретінде қолданылмайды, бірақ өзіндік географиялық атау құрамына жиі енеді: **Үшқара, Берікқара, Иманқара, Жетіқара** т.б. Моңғолдарда да жалқы есім құрамында **Нарынхара, Доланхара** деген биіктік атаулары кездеседі.

қа/ка имитативі дыбыстық символикалық кешен ретінде «үлкен, бірақ асуға болатын», яғни шыңына шыға алатын кедергіні, биікті, жартасты, тауды бейнелейді. **Ка/қа** имитативі дауысты және дауыссыз екі-ақ дыбыспен дыбыстық символика арқылы «тау», «биік» (үлкен), «жартас» ұғымын, бейнесін, сипатын беріп отыр.

қа/ка «тау», «жартас», «биік» имитативінде **к** және **а** өлі (консервіленген) рудименттер кезінде дербес дыбыстық символика сөздер болған деп жорамалдауымызға болады. Б.Сағындықұлының зерттеуі бойынша, ішкі флексия болмаған кезде, яғни дауысты дыбыстар лексика-семантикалық, стилистикалық т.б. қызмет атқармаған уақытта «әр түсінік үшін бір дауысты жеткілікті болған» [4, 101].

В.В.Левицкий 28 тілдің деректерін келтіріп, «үлкен-кіші» ұғымдарын талдап, «үлкен» ұғымын артқы, ұяң, шұғыл, діріл (әсіресе, [o], [a], [r], [d], [z]) дыбыстар білдіреді деп жазады: «Понятие «большой» символизируется задними и нижними гласными, звонкими, смычными, дрожащими» [5, 58]. Осы деректерге сүйенсек, ***кар** архетипінде **р(г) а** дауысты дыбыспен қоса «үлкен», яғни «биік» деген ұғымды символикалық түрде көрсетіп тұр. Ал, Т.В.Быстрова, В.В.Левицкий, О.Ф.Шевченко фонемалар тіркеуінің символикалық қызметі жайында жазған мақаласында **qr** (яғни **к (а) г**) «үлкен» ұғымын береді деп пайымдаған.

Сонымен, ежелгі дәуірде ***кар/қар** имитативі немесе фоносемантикалық моделі «тау», «жартас», «биік» ұғымдарына байланысты пайда болып, жеке, дербес сөз ретінде пайдаланылған деп болжауымызға болады. Осы имитативтің өзі, жоғарыда көрсеткеніміздей, жеке идеофондардан құралған, мүмкін, кезінде сол жеке идеофондар, атап айтсақ **к/к, а, р** дербес сөз ретінде де қолданылған

шығар. Сол бастапқы тілдің пайда болуы заманындағы имитативтерді сөз деп айтуға болмайды, себебі ол дәуірде сөйлеу тілінің сапалық күйі басқаша болатын.

Имитатив - тілдің алғашқы пайда болған кезіндегі адамның бастапқы сөйлеу тілінің материалдық көрінісі. Тілдің (тілдердің) пайда болуы, шығу дәуірі тілдің (тілдердің) имитативтер түріндегі күйімен байланысты болған. Сол себепті, имитативтік табиғаты бар өте көне, бір-біріне тіптен ұқсамайтын, ешқандай туысқандығы жоқ тілдерде консервіленген түрде сақталған географиялық терминдер бір-біріне ұқсас немесе бір болып келеді. Тілші ғалымдар ондай ұқсастықты тілдер арасындағы туыстықпен, алмасу процестерімен түсіндіреді, бірақ осы көне, «алғашқы» географиялық сөздер арасындағы түпкі, түбегейлі ұқсастықтар олардың имитативтік табиғатында жатқан көрінеді. Басқаша айтқанда, қазіргі дәуірде әр түрлі алуан тілдерде белгілі болып отырған бір-біріне жақын, мағынасы өте ұқсас және құрылымы жақын географиялық терминдер бәріне ортақ бір имитативтен (имитативтік түбірден) өрбіген болуы керек деген тұжырым жасаймыз.

1.2 Физика-географиялық апеллятивтердің фоносемантикалық сипаттамасы. Кез келген тілдің топонимиясында сол елдің жерінің физика-географиялық құрылымын сипаттайтын апеллятивтер құрап жер-суға қатысты жалқы есімдердің негізі, семантикалық тірегі болып келеді. Сол себепті көптеген топонимдердің мағынасын оның құрамындағы географиялық апеллятивтер анықтайды.

Зерттеу барысында қазақ тіліндегі жалпы географиялық есімдердің (географиялық апеллятивтер, халықтық географиялық терминдер) және топонимдердің құрамындағы дыбыс бейнелеуіштік сөздерді табу және сипаттау үшін С.В.Ворониннің фоносемантикалық талдау тәсілін қолдандық. Соның негізінде фоносемантикалық (имитативтік) сипаттама жасалатын сөздегі белгілі бір дыбыстың немесе дыбыс тіркесінің (**сг, гс, сгс** т.б. ежелгі түбірлер) белгілі бір түсінікпен (мағынамен) немесе түсініктер (мағыналар) кешенімен байланысы жөнінде жорамал, болжам ұсынылады. Дәлел, дерек ретінде фонетикалық және семантикалық белгілері ұқсас, жақын немесе дәл келетін лексемалар туыстас бір тілден келтірілді, ал көп жағдайда бірнеше тілдер (ностратикалық, тілдер семьясы, туыстас тілдер) ауқымында қарастырылды.

Атап айтқанда зерттеуде қазақ тіліндегі **қыр, шоқы, көл** географиялық апеллятивтер фоносемантикалық негізде басқа туыс немесе туыс емес nostrатикалық деңгейде кездесетін бірнеше географиялық термин апеллятивтермен салыстырылып, талданды. Сондай – ақ гидрографиялық, яғни су нысандарының физикалық сипаттары орографиялық, яғни жер бедері нысандарынан мүлдем бөлек болатыны белгілі. Сол, Денотаттық құрылымдарда айырма ерекшеліктерге тән сипаттар дыбыстық деңгейде қалай символданып, белгіленетіні де фоносемантикалық талдау барысында анықталады.

Қазақ топонимдер (гидронимдер) құрамында жиі кездесетін гидрографиялық халықтық апеллятив – **су**: (**Ақсу, Қарасу, Қасқасу, Қызылсу** т.б.) Түркі тілдерінде бұл географиялық терминдер «**бұлақ**», «**су**», «**өзен**»

(кішігірім), **көл** (кішкентай) деген ұғымдарды береді. VIII ғасырға жататын көне түркі ескерткіштерінде **sub** формасы «су» мағынасын береді. Өзбек, құмық, ноғай тілдерінде де бұл термин **сув**; хакас және тува тілінде **суг** түрінде кездесе, Сібір түркі тілдерінде төмендегідей формаларда тіркелген: **су, чул, шул, ю, суг** (варианттары **зуг, сунг, зу**).

Түркі тілдеріндегі «**сумен**» байланысты формалардың моңғол тілдерінде де параллельдері бар: монғ. **суваг** «канава», «ров», «траншея», «канал», «теснина»; моңғол жазба тілінде **subaz**, сойон тілінде **sulak** «ручей, приток».

Su түбірі бар **usun** «вода», «река» барлық моңғол тілдерінде кездеседі: жазба моңғол тілінде **usun**, моңғол тілінде **yc(ан)**, бурят тілінде **yha(н)**, калмак тілінде **usn** болып келеді.

Түркі және моңғол тілдері арасындағы лексикалық бірліктердің ауысу процестері - көнеден келе жатқан тілдік құбылыс. Бұл проблема ғылыми ортада кеңінен таныс. Талай ғасыр көршілес отырған халықтардың арасында тілдік, этнологиялық т.б. деңгейлерде ауысулар байқалатыны заңды құбылыс.

Ал енді тибеттің, қытайдың **шу**-ын алсақ, эвенк тіліндегі **ў**-ды моңғолдың **u-sun**-нымен және удмұрт тіліндегі **ву**-мен салыстырсақ, параллельдер көбеюі, ностратикалық деңгейді көрсетеді.

Фоносемантикалық (имитативтік) сөздердің басты белгілерінің бірі – олардың ностратикалық деңгейде таралуы. Ностратикалық параллельдер фоносемантикалық атаудың имитативтік табиғатын, сипатын көрсетумен қатар оның өте көнелігін, тілдің шығу дәуірінде пайда болғандығын білдіреді. Сол ежелгі, бастапқы замандарда қалыптасқан фоносемантикалық сөздің барлық тілдерде өлі түбір, рудимент немесе туынды сөздердің құрамында сақталып қалуы заңды құбылыс, себебі барлық тілдер өз басынан алғашқы имитативтік дәуірді өткерген.

Сонымен, дыбыс арқылы денонатты бейнелейтін сөздер ататегінен фоносемантикалық (имитативтік) сипатқа ие. Демек, пайда болған, туындаған кезінде барлық тілдер бірдей өте ұқсас дыбыстық тұлғаны және семантикалық ортақтықты иемденген. Әдетте, олар бір дыбыс немесе бір буынды дыбыстар тіркесі (**гс, ег, гес, сгс, сгсс**) болып келген. Академик Ә.Қайдардың пікірінше: «...қайсыбір тілдегі есту, көру, акустикалық, қимылдық қабылдаулардың өте ежелгі дыбыстық символдары ретінде **Г** және **сГ** моносиллабтары: ***а, *ә, *е, *о, *ө, *ұ, *у, *ы, *і**, сондай-ақ ***ты, *ды, *пы, *шы, *сы** тағы басқа да дыбыс тіркестері танылды» [2, 17].

Біздің болжамымыз бойынша, түркі және басқа тілдердің ататілінде (паязык) **у** дауысты идеофон (имитатив), фонемотип (С.В.Воронин) «**су**» деген кешенді мағынаны білдірген. «**У**» - судың кешенді түстік, дыбыстық, тактильдік, сенсорлық, қимылдық т.б. сипаттарының бір ғана дауысты дыбыс (моносиллаб) арқылы берілген бейнесі. Ал, кейінірек **у**-ға анлаутты қосылған **с** дыбысы судың жылжитын, ағатын, сылдырайтын, сырғанайтын, сорғалайтын, жылтылдайтын, жалтылдайтын т.б. сипаттарын осы идеофон арқылы бейнелеген. Түркі тілдерінің географиялық терминологиясында **у//су** –дан туындаған, өрбіген географиялық (гидрографиялық) апеллятивтер тізімін және мағынасын атақты географ, топонимист Э.М.Мурзаев келтірген: «Түркі

тілдеріндегі: (“су” - М.А.) бірқатар туынды терминдерді қалыптастырады: **суат** - құдық түбінде, өзеннің, көлдің жағасында мал суғаратын орын, мұның өзі түрік тілінің **suwat** “водопой” сөзіне сәйкес келеді; болгар тіліндегі **суват** - “жазғы тау жайылымы”, “суат”; **саат** - “көл бойындағы суат орны”, **суат** - “алды бөгелген су айдыны”, қырым - татар тіліндегі **учансу** - “сарқырама”, өзбек тіліндегі **учарсув** - “сарқырама”, сөзбе - сөз аударғанда “ұшатын су”, **субойи** - “жағалау”, “су бойы”, **субаши** - “көл басталуы”, “ағыстың басы, суғаруға арналған суды бөлетін лауазым”, **суак** - “суландыратын, су жүретін ор”, “арық” әзірбайжанша **субасма** - “тасқын су”, “сел”, **суайрычи** - “суайрық”, **сулу** - “су (басқай)”, **сузус** - “сусыз”, **суамбар** - “су айдыны”, “су қоймасы”. Жалпы түркілік **карасу**, хакастық - **харасуг** - “қайнар көз”, “бұлақ”, “бастау”; алтай тіліндегі **талайсу** - “теңіз” (моңғол тілінде **далай** - “көз жетпес”, “орасан зор”); хакас тіліндегі **суглыг** - “сулы”; **агынсу** - “ағын су” т.б.

Еуропа мен Азияның ұлан байтақ даласында **су** терминімен келетін гидронимдердің саны шексіз (оның нақты көріністері басым мөлшерде сөздің екінші бөлігінде келеді): **Қарасу, Сарысу, Ақсу, Қызылсу, Тугтусу, Қашқасу, Көксу, Ұлысу, Қайсу, Адылсу**. Енисей мен Абақан бассейнінде көптеген гидронимдер **суг** терминімен келеді: **Қазынсуг, Сарысуг, Уньсуг, Ызаксуг, Демирсуг**; Алтайда - **Суг, Сугат, Қарасук** [6, 528-529].

Біздің пікірімізше, бастапқы немесе ілкі имитативтердің тілдердің алғашқы шығу, пайда болу дәуірінде фонетикалық (фоносемантикалық) варианттары болған. Ол варианттар артикуляциялық жағынан жақын, бір – біріне ыңғайлас келетін идеофондардың, яғни дыбыстардың болуынан пайда болған. Осы тұрғыдан алғанда, **п, у** идеофондардың фоносемантикалық варианттары ретінде олардың артикуляциялық сыңарлары деп, **уа, в, б, иу (ю), й, дж, ж, ч, с, ш** идеофондарды атауға болады. Осы идеофондар (фоносемантикалық варианттар) имитативтер құрамына енген соң, имитативтер деңгейінде имитативтердің фоносемантикалық варианттары құрамында жаңа имитативтер пайда болған. Осы жаңа имитативтер қорын көбейте түсе, жаңа нысандарды немесе аталған нысанның жаңа (әлі дыбыстық формада) белгіленбеген, сипатталмаған ерекшеліктерін атау үшін (дыбыс символика түрінде) қолданылған.

Осындай жолмен (алгоритіммен) пайда болған (**и, у (ю)** идеофондар негізінде) имитативтер қатарына **йыл, ол, уол, йол, ул, іл(ил), жыл, жил, уль, ыль, иле, иль, эл, джал**, (құрамында **л** идеофоны бар); немесе **юг (юк), юга, йогы, югон, ұйық, юкмес, йоки, ёкка** (құрамында **г (к)** идеофоны бар) имитативтерді жатқызуға болады. Палеотопонимика мәселесін зерттеген А.М. Малолетконың пікірінше, түркі тілдеріндегі **ол / ул (хол / хул)** “**мокрый, сырой, влажный**” мағыналарында басқа тілдерде өзінің фонетикалық, семантикалық паралельдері (сыңарлары) ретінде кездеседі. [7, 74]

1.3 Жер бедері (орографиялық) апеллятивтердің фоносемантикалық сипаты. Географиялық апеллятивтер қоры кез келген тілдің негізгі (базистік) қоры түріне жатады, яғни түп - төркіні диахроникалық тұрғыдан қарағанда ең төменгі қабаттарда, тіпті “алғашқы” ілкі сөздер санатында екенін болжауымызға болады. Ал, Г.Е. Корниловтың “**имитатив теориясы**” бойынша

тілдердің ең алғашқы пайда болған кезеңі “**идеофондар**” және “**имитативтер**” дәуірі болған десек, әрине, географиялық аппелятивтердің ең ежелгісі, көнесі - имитативтік, идеофондық негізінде жасалынған сөздер, тілдік қабаттар.

Дыбыстық символикаға ие орографиялық аппелятивтердің құрамындағы дыбыстардың, дыбыс тіркестерінің, яғни идеофон, имитативтердің аталған нысандармен сәйкестігі дыбыстардың фонологиялық, артикуляциялық сипаттарының сәйкестіктеріне негізделген. Фоносемантика саласында зерттеулер жүргізген ғалымдар осындай сәйкестіктерді анықтаған. Мәселен: **шар тәрізді, томпақ, шығыңқы** заттардың атауларындағы түбірлерде бір немесе бірнеше лабиалды дыбыстар бар екені жөнінде А.М. Газов – Гинзберг, В.Г. Лобин, С.В. Воронин, А. Йоханенссон сынды ғалымдар жазды. Ғалымдардың пікірінше, осы сәйкестік еріндік символизмге негізделген: “ауыз (ерін) қимылы томпақ (шар тәрізді) заттар формасын бейнелейді”. Бұл аталған қимыл лабиальды (еріндік) дауыстыларды (**о, ө, ұ, у, ү**) дыбыстағанда жасалады.

Еріндік дауыстылардың символизіміне негізделген фоносемантикалық орографиялық аппелятивтерге **төбе, шоқы, қуыс** т.б. аппелятивтерін жатқызуға болады. Жер бетінен биікте жатқан табиғи нысандардың (**төбе, дөң, шоқы, төмпешік** т.б.) басым көпшілігінің құрамында еріндік дауыстылардың ұшырасуы кездейсоқ емес. Дыбыс бейнелеуіштік сөздердің тілдік тұлғасында міндетті түрде фонемотип (С.В. Ворониннің термині) бар. Фонемотипте аталған заттың кем дегенде бір сипатына қатысты фонема болуы тиіс фонемотиптер акустикалық, дыбысқа еліктеуіш сөздерде кездеседі. Мысалы, “**томпақ**”, “**домалақ**”, “**үрлеген**” заттардың сипатына сәйкес келетін дәл сондай сипаттар еріндік (лабиалды немесе лабиальданған) дауысты, дауыссыздарда бар. Сол себепті осы аталған артикуляциялық фонемотип “**томпақ**”, “**домалақ**”, “**үрленген**” заттарды атайтын сөздерде қолданылады.

Зерттеу нысаны болып отырған фоносемантикалық сипаты бар деп есептелетін географиялық аппелятивтерді және географиялық жалқы есімдерді (топонимдерді) біз “**дыбыс бейнелеуіш сөздер**” (звукоизобразительные слова) қатарына жатқызамыз. Дыбыс бейнелеуіш сөздер фоносемантика теориясы бойынша екі түрге бөлінеді: **дыбысқа еліктеуіш сөздер** (звукоподражательные слова), екінші түрі – **дыбыстық символикалық сөздер** (звуко-символические слова). Біз талдап отырған географиялық аппелятивтердің, терминдердің құрамында, негізінде, дыбыстық символикалық сөздер жиі ұшырасады. Себебі дыбыстық символикалық сөздер, әдетте, ең көне “**алғашқы**” сөздер қатарына жатады. Соған қарағанда, географиялық аппелятивтердің белгілі бір бөлігі өте ерте дәуірлерде, тіпті тілдердің алғаш пайда болған дәуірінде қалыптасқан, “**өмір сүрген**” болуы мүмкін. Ал енді, дыбысқа еліктеуіш сөздер сипатындағы географиялық топонимдер қазақ топонимиясында бар және осы аталған топтағы фоносемантикалық сөздер жұмыстың зерттеу нысаны болып табылады.

Зерттеудің теориялық - әдістанымдық негізі ретінде имитатив теориясын (Г.Е. Корнилов) және де фоносемантика (С.В. Воронин) теориясын қатар пайдаланғандықтан, қазақ тіліндегі географиялық аппелятивтер мен топонимдерді талдаған кезде, “**имитатив**”, “**идеофон**”, “**фонемотип**”,

“**фоносемантикалық сөз**” т.б. терминдерді аралас қолдандық. Түптеп келгенде “**имитатив теориясы**” мен “**фоносемантика теориясы**” бір - бірінен онша алшақ емес, көп жағдайда бір-бірін растап, толықтыра түседі.

Зерттеу барысы аталған теориялық ұстанымдарға сүйене келе, қазақ тіліндегі орографиялық аппелятивтерге фоносемантикалық талдау жасауға болатынын көрсетті. Соның нәтижесінде байқалатын жайт: қазақ орографиялық сөздік қорындағы фоносемантикалық атаулардың түп – төркіні сонау “**имитативтік**” дәуірде жатқандықтан, бастапқы фонемотиптер қазақ тілінен басқа (түркі, үндіеуропа, семит т.б.) тілдерде кездесетін орографиялық аппелятивтер құрамында ұшырасады. Сол себепті зерттеу нысаны етіп алған фоносемантикалық қазақ аппелятивтерін басқа тілдердегі фоносемантикалық географиялық (орографиялық) аппелятивтер қатарында, солардың кең ауқымында қарастырдық. Осылай қарастырғанда ғана талдауға түскен аппелятивтердің фоносемантикалық табиғаты ашыла түседі және де сол атаулардың өте көнелігі дәйектеледі.

Қазақ оронимдері мен топонимдерінде жиі кездесетін басқа да түркі тілдерінде кең тараған орографиялық аппелятивтердің бірі - **төбе**. Қазақ тілінде **төбе**, **топырақ**, **құм** немесе тастан үйіліп қалған биік **дөң**, **шоқы**. **Төбе** - бастың ең үстіңгі бөлігі, бір заттың ұшар басы, ең жоғарғы жағы. Көне түркі тілінде **төрү** – “**темя**”, “**макушка**”, “**голова**”, “**вершина**” екені көрсетілген.

Топонимист ғалым Э.М. Мурзаевтың сөздігінде: **Тепе** – вершина, бугор, сопка, холм (тюрк). Др. – тюрк. **төрү** – темя; “макушка”; “голова”; “вершина”. Варианты: **дене**, **добо**, **топпа**, **тепа**, **тобе**, **тюбэ**, **тәпә**. В рус. геогр. литературе часто принята форма **тепе**. В Западной Сибири – **тубя**. **Тепелик** – “мелкосочник”, “холмогорье” (азерб). В тадж. яз. заимствовано в форме **теппа**, в перс. – **тебе**, **тубе**, **тепа**. В болг. диал. **тепе** – “холм”, “бугор”, “вершина”, “пик” из турецк. яз. Ясные параллели: бур. **добо** – “холм”, халха – монг. **добо** – “небольшая горка”, “холм”, “курган”, “насыпь”, **добек** – “вершина горы”, “пик”; эвенк. **Дуэз** – “конец какого – то предмета”; “вершина”, “исток реки”; ороцское **дувэ**, **дуэ** – “конец”, “острие”, “мыс”; маньчж. **дубэ** “конец”; “вершина горы, дерева”, “устье реки”, “край”, “предел”, Ср. Хинди **тибба**, **тибби**, **типа** – “холм”; “горка”, “невысокая и небольшая возвышенность” [6,549] деп берілген.

Э.М. Мурзаев келтірген мәліметтерге қарасақ, аталған түбір түркі тілдерінде ғана емес, сонымен қоса палеоазиат, тұңғыс – маньчжур, иран, хинди тілдерінде кездеседі. Осы орографиялық терминнің аса кең аймақта және туыстығы жоқ көптеген тілде таралуы кездейсоқ нәрсе емес. Егер кейбір тілдер арасында (мысалы, түркі мен моңғол, түркі мен тұңғыс- маньчжур) ауыс – түйіс, тілдік тоғысулар (контакттар) орын алса, соның нәтижесінде кірме сөздер (төбе сөзіне, мысалы, қатысты) болуы мүмкін болса, тегі мен орналасуы өте алыстағы тілдер арасындағы ортақ сөздердің төркіні – имитативтік (фоносемантикалық) табиғатында екенін мойындауымыз керек.

“**Төбе**” мәнді орографиялық аппелятивтердің негізі болған имитатив формасын **туб** / **тоб** / **төб** / **доб** / **теп** / деп санауымызға болатын сияқты. С.В. Воронин көрсеткендей: “домалақ” шар тәрізді үрілген томпақ заттың маңызды белгісінің бірі; еріндік дауысты, дауыссыздар белгілерінің бірі де осы; бұдан

домалақ нәрсені білдіретін дыбыс бейнелеуіш сөз түбірінде еріндіктердің артикуляторлық фонемотипіне тиісті, ең болмағанда бір фонеманың болуы қажеттігі келіп шығады: салыстырыңыз: **түр tepalak, tembalak** “домалақ шар тәрізді”, **гов** “домалақ ыдыс” [8, 67-68]. Жоғарыда көрсеткен “төбе” мәнді дыбыс бейнелеуіш сөздердің имитативтік түбірінде бір емес, кем дегенде екі еріндік дауыс: / **о** / **у** / **ө** дауысты фонемотиптері және **б** / **п** дауыссыз фонемотиптер бар. Ал енді **у** / **о** / **ө** фонемотиптері “**томпақ**”, “**домалақ**”, “**шар тәрізді**” денотаттарды дыбыстық түрде белгілейді десек, денотаттардың осы аталған сипаттары “шығыңқы”, “көтеріңкі”, яғни “биікте”, “бас жағында”, “басында”, “төбесінде” деген ұғым түсініктермен, сипаттармен ыңғайлас, сыңарлас жақын болып келеді. Демек, аталған фонемотиптер – дауыстылары немесе дауыссыздары болсын “**көтеріңкі**”, “**үстіңгі**”, “**басындағы**”, “**бас**”, “**төбе**”, “**биік**” деген мағыналарды бедеріне қатысты бере алады.

Осы фонемотиптер тек қана жер бедеріне қатысты нысандарды (денотаттарды) олардың аталған сипаттарына сәйкес дыбыстық (символикалық) деңгейде суреттемейді, басқа да нысандарды (заттарды) имитативтік тұрғыдан белгілеуге атсалысады. Қазақ тілінің материалдарын қарасақ: **доп, топ, дөң, дөңгелек, дүмпи, томпаю, тобыр, доңғал, доболдай** т.б. сөздерде лабиальді (еріндік) фонемотиптер аталған сипаттарды көрсетіп тұр. Жоғарыда келтірілген сөздер тізімінде **ң** дауыссызы еріндік болғанымен, **м** сияқты мұрын жолды болып келеді және үнді немесе сонар дауыссыздар қатарына жатады, яғни артикуляциясы өте жақын.

Қазақ тіл білімінде фоносемантика теориясының негізін қалыптастырған профессор К.Ш. Хұсайынның мәлімдеуінше, қазақ тілінде лабиальді немесе лабиальданған дауысты, дауыссыз дыбыстардың негізінде “**томпақ**”, “**шығыңқы**”, “**домалақ**”, “**шар тәрізді**” заттарға, сол заттарға қатысы бар қимылдарға байланысты өзі жинақтаған жүзге жуық (әрине, олардың саны одан көп) сөздер бар [9, 153-154].

Ғалымдар келтірген осындай мол тілдік (фоносемантикалық) деректер негізінде лабиальді (лабиальданған), еріндік дауысты және дауыссыз дыбыстардың (фонемалар) өз кезінде фонемотип (идеофон) қызметін атқарғандығының дәлелі мен дәйегі бола алатындығын аңғардық. Ал осы аталған фонемотиптердің мағыналық сипатына тоқталсақ, “**томпақ**”, “**домалақ**”, “**шар тәрізді**”, “**шығыңқы**”, “**көтеріңкі**”, “**үстіңгі**” т.б. солардан туындаған немесе өте жақын, сыңарлас мағыналарды осы фонемотиптер (идеофондар) дыбыстық символика түрінде бейнелейді.

Біздің қарастырып отырған орографиялық аппелятивтерде бір буынды (дауыссыз + дауысты + дауыссыз) ілкі түбір – имитативтердің ортасында фонемотип **о** / **у** / **ө** / **ю** болып келеді де, анлауттағы дауыссыз фонемотип (идеофонема, идеофон) **д** / **т** болып келеді, ал анлауттағы (соңғы позициядағы) идеофон – фонемотип, әдетте, **б** / **п** дауыссыз еріндік фонема. Жоғарыда келтірілген мысалдардан көріп отырғанымыздай, **о** / **у** / **ө** / **ю** фонемотиптердің және соңғы позициядағы (анлауттағы) **б** / **п** еріндік дауыссыз фонемотиптің (идеофонның) мағыналық сипаты айқын.

Екінші тарау “Қазақ топонимдерінің этимологиялық фоносемантикасы” деп аталады. Тақырып үш тараушада сараланады.

2.1 Қазақ тіліндегі дыбыс еліктеуіш топонимдердің фоносемантикалық сипаты. Кез келген тілдің дыбыс бейнелеуіш лексикасын екі түрге бөліп қарастыруға болады: **дыбыстық еліктеуіш, дыбыстық символика.** Бұл тараушада қазақ тіліндегі топонимиялық лексиканы (топонимдерді) осы аталған екі түрге бөліп қарастырамыз.

Дыбыс бейнелеуіш сөздердің фоносемантикалық сипаты, әсіресе, дыбыс еліктеуіш сөздерде айқын көрінеді. Дыбыс символикалы сөздердің имитативтік табиғатын анықтаудың өз қиыншылықтары бар, себебі аталған сөздердегі дыбыстар табиғи нысандардың дыбыстарына емес, дыбыстан бөтен түрлі сипаттарға еліктеуден пайда болған. Біз қазақ тіліндегі гидрографиялық, орографиялық апеллятивтер мен топонимдік атаулардағы “үндемейтін”, “тіс жармайтын” “сенсорлық”, “тактильдік”, “түстік” (визуальдік) т.б. сипаттардың дыбыс символикалық сөздер құрамындағы дыбыстарға айналуын анықтауды мақсат еттік.

Осы тұрғыдан келгенде дыбыс еліктеуіш сөздер өзара екі түрге бөлінуі мүмкін: 1. Жанды нысандар шығаратын дыбыстарға еліктейтін сөздер. 2. Жансыз табиғи нысандар дыбыстарына еліктейтін сөздер.

Мәселен, **Даңғырлақ** топонимінің фоносемантикалық тұлғасын біз дыбыс еліктеуіш сөздердің екінші түріне жатқызамыз. Академик Ә. Қайдардың сөздігінде **даң** бір буынды түбір – негіздің мағынасы былай берілген: “подр. шуму, голосу, звону жестяных предметов, больших колоколов, ударных инструментов; **даңғыр** < **дағ** + **ғыр** громохание (металлического предмета)” [2, 200].

Осы келтіріліп отырған фоносемантикалық сипаты бар сөздерге ортақ түбірді біз фонемотип немесе имитатив ретінде қарастырдық. Сонда ол түбір, фонемотип (имитатив) үш идеофонды **дан(нг)** – (д + а + нг) формасында өзінің дыбыс еліктеуіш қызметін атқарған. Дыбыс еліктеуіш түбір – имитатив болғандықтан, “бұл фонемотип қандай дыбысқа (немесе табиғи дыбыстар кешеніне) еліктейді?” деген сауал туындайды. Ол дыбыстардың (шудың) сипаты (жоғарыдан қараңыз) мынадай болып келеді: “ішкі қуыс заттың басқа нәрсеге соғылуынан шығатын қаңғыр – күңгір дыбыс”, “күмбірлеген, саңғырлаған дыбыс”; “даң – дүң” еткен “қаңғыр - күңгір” еткен дыбыс; “даңғыр - дүңгір” еткен, “салдыр – гүлдір” еткен; “даңғырлап қатты дауыс еткен” дыбыс; айғай – ұйғаға, у-шуға ұқсайтын дыбыс. Академик Ә. Қайдардың көрсетуінде бір буынды **даң** түбірі темір, жез бұйымдар, заттар шығаратын (ұрғанда) дыбысқа, шуға еліктеуден туындаған.

Даң формасындағы әр фонема – идеофон (идеофонема) белгілі бір еліктеуіш мағынаға ие. Еліктеудің негізі сипатын, болмысын осы фоносемантикалық модельде дауыссыз **д** және **ң** дыбыстар (идеофондар) көрсетеді. Ал фоносемантикалық сөз ортасындағы дауысты дыбыс (идеофонема) еліктеуіш түбір суреттейтін дыбыстың күштілігін, әлсіздігін және тонын сипаттайды. Сөз етіліп отырған **даң** фонемотипінің (имитативінің) аңлауындағы **д** өзінің артикуляциялық сипатына, ерекшеліктеріне қарай **t(t)** –

ға өте жақын, тек д ұяң “жұмсақ” болса, т қатаң (шулы) дауыссыз – ал басқа артикуляциялық ерекшеліктері (альвеоляр, таңдай алды, тіс, жабысыңқы, шұғыл) бірдей.

Т / д дүрсілдейтін, дүңкілдейтін, тарс – түрс ететін, тарсылдайтын, тақылдайтын, соғу, қағу әрекеттерінен туындайтын кешенді табиғи дыбыстар шығаратын нысандарды (денотаттарды) символдайтын сөздердің анлауында кездеседі. Осы позициядағы бұл дауыссыз дыбыс (идеофонема) көптеген біртектес немесе біртектес емес тілдердегі аталған дыбыстарға еліктейтін сөздерде кездеседі. Бұл құбылысты фоносемантикалық заңдылықтар немесе фоносемантикалық универсалия қатарына жатқызуымызға болады.

Қазақ топонимиясында дыбыс еліктеуіш тағы бір гидронимиялық термин және гидроним бар. Ол **сарқырау** “судың биіктен төмен қарай күшті сарынмен құлай ағуы, сарылдау” деген мағынасы бар етістіктен жасалған **сарқырама** гидрографиялық (гидронимиялық) термині және **Сарқырама** гидронимі. Осы атаудың дыбыс еліктеуіш түбірі **сар** болатын болса, түбірлес сөздердің де мағыналары жақын немесе бірдей болуы тиіс. Осындай сөздер қазақ тілінде бар: “**сарқ** – **сұрқ**” сұйық заттың қатты қайнауы, бұрқ етуі; “**сар** - **сар**” сарқырап шыққан дыбыс; **сарыл** “сар – сар еткен дыбыс, сырыл”; **сарылда** “сар - сар еткен дыбыс, дыбыс шығару, сарқырау”; **сарыл** “сарылдап, күрілдеп дыбыс шығарған ағын” [10, 556-558]. Келесі сөздің ұмыт болған түпкі мағынасы, фоносемантикалық этимоны **сар** – түбіріндегі мағыналарымен байланысы бар деп есептейміз. Салыстырыңыз: **сарын** көне. 1. Ән жанрының бір қалыпты дауыспен, ырғақты айтылатын түрі. 2. Әуен, саз, ырғақ [10, 558].

Сар / шар түбірі “сарылдап ағу”, “сарқырау” (суға, ағынға, сарқырамаға, водопад) мағыналарында тек қана қазақ тілінде ғана емес, басқа түркі, түркі емес тілдерде де кездеседі. А.М. Малолетконың мәлімдеуінше: «Қырғыз тілінде **шарқыратма**, қарақалпақта **сарқырама** етістіктен жасалған зат есім болып келеді, ол «**гүрілдеу**», «**күркіреу**» мағынасында, яғни «**су**» номенклатуралық формантысыз келеді. Вахан тілінде **шор-ас** сөзбе-сөз «**күркіреуді**» білдіреді, мұның өзі көрсетілген қырғыз және қарақалпақ терминдеріне жуықтайды. **Куркуре** (Алтайдағы өзен атауы), **күрлек** (Томск ауданы және Мрассу шүйесіндегі бұлақ) өзендерінің атауы құрылымы мен семантикасы бойынша жақын келеді. Көксу өзенінің (Алтай) алтайлық куркулек атауына ие екі ағысы бүгінгі күнде калька тәсілінде келген орысша Громатуха (Төменгі және Жоғарғы) атауына ие. Пушту тілінде **шаршара** сөзбе-сөз **сусылдау**, **судырлау** (дыбыс еліктеуіш) дегенді білдіреді». [7, 72].

Келтірген үзіндіден көріп отырғанымыздай, түркі емес тілдерде, атап айтсақ, вахан тілінде **шор**, пушту тілінде **шар** судың сарқырап шыққан дыбысына еліктейді. Күр (**кур**) судың дыбысталуының тағы бір түрін көрсетеді және **кур** түбірі дыбыс еліктеуіш гидронимдерінде кездеседі (А.М. Малолетконың мәліметтеріне қараңыз).

Қазақ топонимиясында да осы **күр** түбірлі дыбыс еліктеуіш гидронимдерде кездеседі. Т. Жанұзақтың “Алматы облысы бойынша Қазақстан географиялық атаулары” атты сөздігінде **Күркілдек** гидронимі жөнінде былай делінген: “**Күркілдек** – Талдықорған аймағындағы өзендердің бірі. Өзеннің күрілдеп,

сарылдап ағуымен байланысты қойылған атау”. **Күр** атты дыбыс еліктеуіш түбірден жасалынған қазақ тілінде бірнеше сөз бар.

Күр - дегі әр дыбыстың (идеофонның, идеофонеманың) өз фоносемантикалық (имитативтік) сипаты бар. Анлауттағы дауыссыз **к** еліктенген дыбыстың (шудың) түрінен (типінен) хабардар етеді, дифференциялайды (салыстырыңыз барқ – қарқ; күрк – шүрк; құрқ – күрк т.б.). Инлауттағы дауысты дыбыс (идеофонема) **ү**; мысалы, **а** - ға қарағанда еліктеуге түскен дыбыстың басқа тонын және (салыстырмалы түрде) әлсіздеу екенін көрсетеді, салыстырыңыз: тарқылдау – тырқылдау (күлу) [бұл жерде **ы** - мен **ү** – бір тектес, яғни **жіңішке** дыбыс ретінде сәйкестендіріледі]; қарқылдап күлу - күркілдеп күлу т.б. Ауслауттағы **р** вибранты, әдетте, дыбыс бейнелеуіш сөздерде діріл, тербелген (вибрацияға түскен) дыбыстарға еліктейді. “**Күр**” деген дыбыс еліктеуіш түбірге түрлі модификатор қосу арқылы еліктенген дыбыстың (шудың) бірнеше түрін немесе типін көрсетуге болады. Осы заңдылықты қазақ тілі материалдарынан, мысалдарынан да байқауымызға болады.

Мәселен, **күр** фоносемантикалық түбірге қосылған **п, с, т** модификаторлары бар сөздердің дыбыс еліктеуіш сипаты түрліше болады, әрқайсысының өзіндік дыбыс еліктеуіш айырма белгілері бар. Салыстырыңыз: **күрп** – **күрп**, сүт сауғанда, сүтті піскенде шығатын үн; **күрпіл** күрп - күрп еткен үн, дыбыс; **күрпілде**, мал сауғанда сүттің ыдысқа күрп – күрп етіп құйылуы; **күрпілдек**, күрп - күрп ете беретін (қар) – бұл қатардағы дыбыс бейнелеуіш сөздерде түбірге жалғанған **п** модификаторы; **күрс**, салмақты нәрсе құлағанда шығатын дыбыс; **күрс** – **күрс**, бірінен соң бірі құлағанда, қатты жөтелгенде шығатын дыбыс; **күрсіл**, қатты шығатын дыбыс, гүрсіл, тарсыл; **күрсілде** 1. **күрс** - **күрс** ету, тарсылдау, 2. тұмау тигенде қатты жөтелу; - бұл қатардағы дыбыс бейнелеуіш сөздерде түбірге жалғанған **с** модификаторы; **күрт** – **күрт**, қатты нәрсені шайнағанда, не бір зат сынғанда шығатын дауыс; **күртілде**, күрт - күрт еткен дыбыс шығу; **қытырлау** – бұл қатардағы бейнелеуіш сөздерде түбірге жалғанған **т** модификаторы.

Қазақ жер - су атауларының құрамында судың (ағынның) үні мен дыбысына еліктеудің негізінде қалыптасқан, пайда болған гидронимдер кездеседі. Сондай гидронимдер қатарына **Шар, Шарбұлақ, Шарын (Чарын), Сарпылдақ, Сорсу, Сорбұлақ, Шарлама** т.б. гидронимиялық атауларды жатқызамыз.

Сар / шар / сор / шор имитативтері өзен, бұлақ атауларында судың сарылдап, шарылдап, сорылдап, шорылдап, яғни қатты екпінмен немесе “шорылдаған” кезде баяу тар жермен ағуының дыбыстық сипатын көрсетеді. Сонымен қатар осы фоносемантикалық модельдің дыбыс символикалық қызметі бар: анлауттағы **с / ш** судың (немесе кез келген сұйықтың) шумен жылжуын, ағуын, ағудың түрлерін көрсетсе, инлауттағы ашық **а** ағынның көлемін, кең жайылғанын (үлкендігін) білдіреді, ал ауслауттағы **р** - вибрант ретінде аққан судың (сұйықтың) **діріл, шу, үн** сипаттарын символдайды. К.Ш. Хұсайын **сор, шор** – дың дыбыс бейнелеуіш (дыбыс еліктеуіш) мәндерін былай көрсеткен: **Сор, шор** подр. звукам, звукам струящейся воды (белгілеген біз – М.А.), сосания, швырканыя, **сор** – ‘сосать, всасывать, высасывать поглощать’, **сорап!** обращение к верблюду с тем, чтобы он пил воду, **сорапта** – ‘пить воду

(о верблюде)’, **түйеше сорапта** – ‘пить воду подобно верблюду (с шумом, большими глотками)’; **сорпа** ‘бульон’, **сорпылда** - ‘шумно сосать, издавать швыркающие звуки’, **сорғала** – ‘струиться, течь тонкой струей’, **шорылда** ‘течь с шумом, журчать, литься или течь с булькающим звуком’ [9, 111-112].

Ср / шр консонанттық тұлғасы (қаңқасы) бар сөздер. Г.Е. Корниловтың мәлімдеуінше, судың, сұйықтықтың ағу түрлерін көрсетеді: “группа согласных **ср / шр** – символизирует и просто различные виды течения воды, жидкости...” [1, 141].

Сонымен, **шар / сар / сор / шор** түбірі бір гидрографиялық нысандардың дұрыс этимологиясын табу үшін этимологиялық ізденістермен қатар, аталған нысандарды өз көзімен көріп сараптама жасалуы тиіс. Егер нысанның түсі сары (сарғылт) немесе дәмі тұзды, соры бар жердегі нысан болса - “сары”, “тұзды” мәнді этимологиясы дұрыс болғаны. Ал егерде нысандардың аталған сипаттары болмаған кезде, судың ағуына байланысты дыбыстық т.б. сипаттарын айқындауымыз қажет. Таулы - қырлы жермен **сарылдап, шарылдап, сорғалап** немесе **шорылдап** ағатын ағыны қатты су нысандарының жоғарыда көрсетілгендей фоносемантикалық этимоны бар деген сөз.

2.2 Қазақ тіліндегі дыбыс символикалы гидронимдердің фоносемантикалық этимологиясы.

Балқаш этимологиясы жайында С.П.Толстов, С.Е.Малов, И.В.Сергеев, Е.Қойшыбаев, А.Т.Қайдар, Т.Жанұзақ, К.Ш.Хұсайын т.б. жазды. Осы гидронимнің шығу төркіні, мағынасы жайында ізденістер жүргізген жоғарыда аталған ғалымдардың пікірлерін Т.Жанұзақ өз мақаласында былай етіп келтіреді: «Тарихи-лингвистикалық зерттеулерде **Балқаш** өзенінің этимологиясы туралы бірқатар пікірлер келтіріледі. Орта ғасырларда бұл өзенді осы жердің байырғы тұрғындары **Көкшетеніз** және **Атракөл** деп атаған. Танымал тарихшы-шығыстанушы С.П.Толстов бұл жөнінде былай деп жазды: **bal/bar** ортақ негізіне ие **Балқаш** атауы б.д.д. III-II ғ.ғ. орал-алтай семьясындағы қандай да бір ежелгі тілден шығып тарайды, оның өзі «су» ұғымымен байланысты болып келеді. Белгілі түркітанушы С.Е.Маловтың пікірінше, «жалпылама таралған Балқаш этимологиясы – батпақтағы төмпешік, томар; былқылдақ жер, балшық» түрінде келеді» [11, 297-298].

Көріп отырғанымыздай, **балқаш** сөзінің этимологиясын ғалымдар «батпақ, балшық, былқылдақ, лай, сазды» ұғымдарымен байланыстырған. Қарастырылған этимологиялық топшылауларда осы сөздің (түбірдің) дыбыс бейнелеуіш қасиеті, сипаты сөз етілмеген.

Қазақ тілінің сөздіктерінде берілген **балқаш** сөзінің мағыналары, біздің пікірімізше, семантикалық дериваттар. **Балқаш** сөзіндегі **бал** түбірінің негізгі (бастапқы) мағынасы «су, ылғал» ұғымдарымен байланысты болған көрінеді. Осы синкретикалық түбір семит-хамит, үндіеуропа және алтай тілдерінде кездеседі. Ол жөнінде Т.Жанұзақ былай дейді: «**bal/bul** синкретипті түбірін семит-хамит, үндіеуропа және алтай тілдерінен табамыз. Мұны В.М.Иллич-Свитыч өз жұмысында едәуір сенімді түрде көрсете білді. Ғалымның деректері бойынша, семит. **Bi**, ар. **bji** – сулау, араластыру; сир. **bji** – араластыру, ылғалдау; көне египет. **bej** (<**bej**) – ылғалдану. Көне ағылшын тілінде **Blantan**,

көне неміс. **Blantan** – араластыру, былғау; алтай тілдерінде: моңғол **bul** – лас, эвенк. **bula** - <**bulai** – батпақ, қорыс. **bulra** – араластыру, былғау. Көрініп тұрғандай, барлық жоғарыда келтірілген этимологияларда синкреттік түбір **bal/bul/be/bll** ылғал, су мағынасына ие» [11, 298].

Фоносемантика немесе имитатив теориясы тұрғысынан қарағанда **бал/бул** түбірін семит-хамит, үндіеуропа және алтай тілдерінде бірдей немесе жақын мағыналарындағы сөздерінде кездесуі аталған түбірдің имитативтік дәуірді меңзейтін дыбыс бейнелеуіш (дыбыс символиканы) табиғатының, сипатының тілдік (ареалдық) белгісі, дерегі болып табылады. Фоносемантикалық сөздердің аталмыш белгісін **бал/бел/балт(д)** түбірі бар гидрографиялық терминдердің көптеген тілдерде таралуы негізінде де көрсетіп, деректеуге болады. Бұл жерде, **бал/бел/бул (балт(д))** т.б. синкретикалық түбірлердің консонанттық негізі, сүйегі болған түбір **бл** фонемотипі екенін аңғаруымызға болады.

Сондай-ақ, түбір **бл** фонемотипіне байланысты географиялық мәндегі апеллятивтердің алуан түрлі тілдерде таралғандығын Э.М.Мурзаевтың сөздігінен де көруімізге болады. Сөздікте **бал/бел** түбірінен жасалынған «**батпақ**», «**саз**», «**ылғалды, сулы жер**», «**көл**», «**лай**», «**балшық**» т.б. мағыналары бар географиялық апеллятивтер литва, латыш, славян, түркі, тува, көне славян, молдаван, румын, албан, итальян, грек, гагауз, көне болгар, қазақ, азербайжан, половец (құман) тілдерінде кездеседі. Осы құбылыс, біріншіден, **бал/бел** түбір сөздердің көнелігін көрсетеді; екіншіден, аталған түбірдің имитативтік (фоносемантикалық) сипаты болуы мүмкін. Екінші тұжырым біріншімен байланысты, себебі көптеген тілдерде (әсіресе, генетикалық, ареалдық байланысы жоқ тілдерде) кездесетін түбір сөздердің өте көне, яғни тілдің пайда болу дәуіріне жетелейтінін байқаймыз.

Балқаш гидрониміндегі фоносемантикалық, имитативтік түбірін **бал** деп есептейтін болсақ, немесе сол атаудағы фонемотипті түбір **бл** фонемотипі деп айқындасақ, сол түбір (фонемотип) құрамындағы идеофондардың дыбыс символикалы мағынасын ажыратып символикалық әлеуетін анықтай аламыз.

Бал – түбірінің немесе түбір **бл** – фонемотипінің анлаутта тұрған л идеофоны судың немесе сулы нысанның (ол лай, балшық болуы мүмкін) **жылтыр, сырғу, тайғанақтау, тайғақтау, сырғанау** сипатын символдайды. Г.В.Корниловтың мәлімдеуінше, «... түрліше дыбысталған немесе кең түрде айтылған үнді л - түрлі ортада түрліше күшпен қатты, сұйық, газ тәрізді жанды немесе жансыз заттың, жарықтың және т.б. сырғуын, жылжуын білдіреді» [1, 161].

Батпақты, балшықты, яғни балқашты жермен жүргенде адам сырғанап, тайғақтап, сонымен бірге «**былш-былш**», «**балш-балш**» етіп жүреді. Сол **балқып, былжырап, былқ-былқ** етіп және де жоғарыда көрсеткен дыбыстар шығарып тұратын ылғалды, батпақты жерлерді символикалық (бұл жерде дыбыстық символика жөнінде айтып отырмыз) түрде **бал/б...л** фоносемантикалық түбірі бейнелейді. Проф. К.Ш.Хұсайынның мәлімдеуінше, «якут және түрікмен тілдерінде **бал** дыбыс бейнелеуіш түбірі таза формада келеді, ал басқа түркі тілдерінде туынды сөздер құрамында сұйық негізге

жанасу арқылы алынатын шылпылдайтын, шалпылдайтын дыбыстарға еліктеуді білдіреді» [9, 183].

Балшықты, батпақты жерлердің тактильдік, сенсорлық және дыбыстық ерекшеліктерін дәлме-дәл дыбыс бейнелеуіш идеофондар (идеофонемалар) имитативтік түбір (фонемотип) құрамында беріп, жалпы, сол нысанды дыбыс символикалық түрде бейнелеп көрсетіп тұр. Басқаша айтқанда, **балқаш** сөзі - балшықты, батпақты, сазды жердің дыбыстық суреті. Академик Ә.Қайдардың пікірінше: «Атаудың бірінші сыңарындағы **бал** «сулы, балшықты, батпақты», яғни **Балқаш** – балшықты, батпақты жер, тартпа: **балшық < бал+шық сұйық батпақ, жабысқақ балшық, саз**» [2, 191].

Бал және **бұл** түбірлерінің жалпы немесе бастапқы мағынасы «су, ылғал» ұғымымен байланысты болғанымен (бұл жерде тағы ескеретін бір жай – түбір – имитативтің мағынасы кешенді мағына болатыны, ал сол имитативтен туындаған, жасалған қазіргі сөздерде бұрынғы кешенді мағынаның бір ғана бөлігі сақталған), өзара **бал** – мен **бұл** мағыналарының айырма белгілері бар. **Бал** – түбірі негізінен «**балшық, батпақ**» мағыналарымен және «**балшылдау, былшылдау, шылқылдау, шалпылдау**» сынды мағыналарымен байланысса, **бұл** – түбірі «**көз, бастау, бұлақ**» және «**араластыру, бұлғау, лайлау**» сынды мағыналарына қатысты қолданады. Салыстырылып отырған **бал** – және **бұл** – түбірлердің консонанттық сүйегі бірдей, біркелкі, тек инлауттағы дауысты дыбыстар әр түрлі болып келеді: **а** – ашық, езулік дауысты болса, **ұ** – жуан, еріндік болып келеді. Сонда инлауттағы **-а-** мен **-ұ-** ның (имитатив дәуірінде осы фонемалар идеофон қызметін атқарған) дыбыс символикалық және дыбыс еліктеуіш мағынасы, қызметі бір-бірінен бөлек болғаны.

Сонымен, **Балқаш** гидронимінің **бал** – түбірі фоносемантикалық сипатқа ие, нақтылап айтсақ, осы түбірдің дыбыс символикалы және де сонымен қоса дыбыс еліктеуіш мағыналары бар. Жұмыста аталмыш түбірдің дыбыс бейнелеуіш ерекшеліктері мен сипаты жөнінде фоносемантикалық талдау жүргізілді.

Біздің ойымызша, қазақ гидронимиясында **Балқаштан** басқа да фоносемантикалық сипаты бар **су (өзен, көл, бұлақ т.б.)** атаулары бар. Солардың қатарына біз **Іле, Сырдария, Елек, Желек (Шелек), Ұлан, Ұласты, Шұлба** т.б. гидронимдерді жатқызамыз. Аталған гидронимдер этимологиясы жайында біраз ғалымдар өз пікірлерін ұсынған. Кейбір этимологиялар гидронимдік атаулардың фоносемантикалық сипатына сай келеді, бірақ фоносемантикалық тұрғыдан олар дәлелденбеген, дәйектелмеген, жай ғана болжамды, не болжамсыз түрде айтыла салған. Мысалы, «**іл**» деген сөз (түбір) – **іле** атауындағы «**су**», «**ылғал**» мағынадағы сөз делінген, ал не себепті **іл** формасының осындай мағына беретіндігі түсіндірілмеген, фоносемантикалық этимологиясы ашылмаған.

2.3 Қазақ оронимдерінің этимологиялық фоносемантикасы. Фоносемантикалық этимологиясы бар атаулардың, соның ішінде оронимдік атаулардың құрылымындағы және құрамындағы географиялық (орографиялық) терминдердің шығу төркіні көне дәуірлерге, тіпті тілдердің алғаш пайда болған кезеңіне, имитативтік дәуірге жетелейді. Г.Е. Корниловтың жорамалы бойынша

адамзат тілінің тарихы төрт дәуірге бөлінеді: 1) имитатив дәуірінен алдыңғы кезең (доимитативный) – маймылдар дыбыстайтын үндерге ұқсас дыбыстық сигнал белгілер; 2) имитативтік кезең (имитативтік түбірлер) “әлсіреген” күйінде қазіргі тілдер қорында сақталған, бұл олардың тіларалық біркелкілігі – көнелігін көрсетеді; 3) постимитативтік (бұл дәуір имитативтік дәуірден кейін күні бүгінге дейін жалғасуда) дәуір; 4) “болашағы белгісіз дәуір” - әбден формалданған, ғылымның тіліне (метаязык - метатіліне) ұқсас тіл – болашақтың тілі [1, 12-13].

Қазақ оронимдерінің этимологиясын фоносемантикалық тұрғыдан сипаттау үшін біз имитативтік дәуірде пайда болған, өмір сүрген имитивтік түбірлердің (архетиптердің) түп – төркініне, болмысына бағдар жасауымыз қажет. Имитативтік дәуірдегі тілдің сапалық күйі қазіргі тілдердің табиғатымен салыстырғанда мүлдем басқаша болған, себебі имитатив қазіргі түсінігіміздегі “сөз” емес еді, қызметі және семантикасы жағынан қазіргі сөйлемдерге тән денотаттардың дыбыстық символикалық бейнесі болған. Қазақ оронимдерінің (жалпы алғанда – топонимдерінің, географиялық апеллятивтерінің, басқа сөздердің) фоносемантикалық этимологиясын анықтау үшін біз имитативтік түбірлердің дыбыс символикалық қасиетін айқындап, талдауымыз керек, онсыз сөздің (атаудың) фоносемантикалық төркіні ашылмайды.

Зерттеу нысанымыз болып отырған оронимдердің фоносемантикалық этимологиясын анықтау үшін сол оронимдердің құрамында кездесетін географиялық (орографиялық) терминнің көп тілдерде (орасан кең ареалдарда) кездесетінін анықтауға талпыныс жасадық. Соған орай аталған терминдердің (түбірлердің) имитативтік, фоносемантикалық болмысы, сипаты бар екендігі жөнінде жорамал, болжам жасалынды. Сол болжамды, жорамалды дәлелдеу, дәйектеу үшін имитативтік түбірге фоносемантикалық талдау жүргіздік.

Осындай тәсіл, әрекеттерді біз **Талғар** оронимінің этимологиялық фоносемантикасын талдау барысында қолданамыз. **Талғар** атауының этимологиясына қалам тартқан А. Әбдірахманов, Е. Қойшыбаев, Т. Жанұзақ сынды ғалымдар осы тәсілдерді біршама қолданған, бірақ фоносемантикалық талдау жүргізбеген. Мәселен, А. Әбдірахманов **Талғар** тау атының этимологиясы жөнінде былай деп жазған: “Біздіңше **Талғар** атауы екі компоненттен құралған: **Тал+ғар**. **Тал** – тәжік тілінде “холм, пригорок, горка, возвышенность, бугорок” (Таджикско – русский словарь. М., 1954, стр. 377). Атаудың екінші бөлімі **ғар** көптеген тілдік семьяларда, соның ішінде түрк тілдерінде **тау** дегенді білдіреді” [12, 168-169].

Э.М. Мурзаевтың сөздік мақаласында берілген тілдік деректер **кар / ғар** сөзінің фоносемантикалық (имитативтік) сипаты бар деген гипотеза – болжамды дәйектейді. Имитатив теориясы бойынша белгілі бір сөздің, терминнің (түбірдің) тілдер семьясы аралығындағы біркелкілігі оның көне (ежелгі, алғашқы) имитативтік екендігін дәлелдей түседі, себебі барлық тілдер (немесе, ата – тіл (праязык) өзінің даму тарихында ең алғашқы (тілдің пайда болуы) дәуірін өз басынан өткерген. Жоғарыда берілген тілдік деректерді салыстыра келсек, **кар / ғар** түбірдің бастапқы мағынасы “тас”, “жартас” болған көрінеді, сол бастапқы мағынадан “тау”, “тасты жар”, “шың”, “биік”,

“қыр”, “қорым тас” (гравий, галька) т.б. өрбіген көрінеді. Осыған орай айта кететініміз - **ғар** / **кар** имитативінің фоносемантикалық сипатын “тау” емес “тас” мағынасымен байланыстырудың қажеттілігі. Басқа сөзбен айтқанда, **ғар** / **кар** имитативі таудың емес, тастың сипаттарын дыбыс символикалы деңгейде бейнелеген.

Біздің пайымдауымызша, имитативтік дәуірде **кар** / **ғар** моделі (яғни қазіргі кара сөзі) тасты (жартасты) символдаған болса, кейінірек бұл фоносемантикалық сөз тасты биіктерді – тауларды, шындарды, жартастарды, ал одан кейін жалпы (тасты болмаса да) табиғи биіктіктерді (төбелерді) атауға қолданылған. Мұндай құбылыс географиялық терминология және топонимия қалыптасуында кездеседі. Мысалы, қазақ тіліндегі **тау**, қырғыз тіліндегі **тоо**, алтай тіліндегі **туу** тауды атаса, якут тіліндегі **тыа** орманды, эвенк тілінде де орманды атауға қолданылады.

Дауыссыздар дыбысталғанда түрлі кезеңдерден (тіл, тіс, ерін, т.б.) өтеді, яғни “қатты” денотаттарды символикалық түрде бейнелей алады. Әсіресе, шұғыл дауыссыздар (**к, т, п** т.б.) “қатты” кедергілерді, яки нысандарды атау құбылысында жиі қолданылады. Сол қатты кедергілердің бірі - тас (жартас).

Инлауттағы қолданылған **а** идеофон (идеофонема) символданған денотаттың (нысанның) көлемділігін, яғни “үлкен - дәу - биік” екенін осы фоносемантикалық модельде көрсетіп тұр. К.Ш. Хұсайынның көрсетуінше: “Дыбыс символизмі (ең болмағанда көлем мәніндегі өлшем бойынша) әмбебап сипатқа ие, оның негізінде дыбыстың физиологиялық қасиеттері жатыр. В.В. Левицкий “үлкен” ұғымын артқы, ұяң, шұғыл, діріл, әсіресе, [**o**], [**a**], [**r**], [**d**], [**z**] дыбыстар білдіреді деп еді” [9, 134].

Идеофондар мен имитативтердің көп мәнді, көп мағыналы болатыны белгілі. Басқа сөзбен айтқанда, идеофон немесе имитативтің тұлғасында (формасында) визуалдық (түр, түс, форма, көлем т.б.), сонымен қоса кинемалық, яғни қимылдық (қимылдың түр - түрлері: жылдам, баяу, созылыңқы, шұғыл т.б.), акустикалық (түрлі дыбыстарға еліктеуге байланысты) сипаттар белгіленуі, символдануы мүмкін. Мысалы, $\sqrt{кр}$, \sqrt{xp} – фонемотиптерінде “қырнау” (қимыл) “қырылдау” “қарс - қорс”, “тар - тұр” ету - тасты сындырғанда (акустикалық) т.б. мәндерді аңғаруға болады. Мәселен, Е.З. Қажыбековтың мәлімдеуінше: ***qir**-/ **qir** “қыру, сындыру, кесу” т.б. ↔ шек, шет, кесінді мағыналарына ие және “тау қыры”, “шет” мағынасындағы **qir** - ды осы қатарға қосуға болады [13, 64-65].

Лексикологиялық тұрғыдан жүргізіп жүрген этимологиялық ізденістер этимонның ішкі, “жасырын” тұрған, түпкі, ілкі мағынасына бара алмайды, соның салдарынан көп жағдайда атаулардың шын мәніндегі этимологиясы ашылмайды. Бұл ойымыз этимологиялық зерттеу шеңберін бергі “лексикалық” деңгеймен шектемей, көп сөздерде бар, фоносемантикалық “тереңге” барлаумен жалғасса деген пікірден туындайды. Осы лексикалық деңгейде жасалған этимология нәтижелерін біз А. Әбдірахманов, Е. Қойшыбаев т.б. ғалымдардың еңбектерінен көреміз. Олардың біразын біз зерттеуімізде көрсетуге тырыстық.

Мысал ретінде **қат** / **хад**, **та(у)** фоносемантикалық түбірлері бар топонимиялық атауларға берілген этимологиялық анықтамаларды келтірейік. “Лексикологиялық” этимологияның көрнекті бір үлгісін А. Әбдірахмановтың **Қатонқарағай** тауына берген этимологиясынан байқауға болады. Бұл үлгіде **қатын** / **кадын** / **хадан** т.б. **кат** / **хад** сынды түбірлес сөздер көптеген тілдер арқылы қамтылмаған, сол себептен де негізгі этимон табылмаған. Ал енді сол негізгі фоносемантикалық этимонға кезінде фоносемантикалық (имитативтік) талдау жүргізілмегені - объективтік түрде түсінікті жайт.

Э.М. Мурзаев Моңғолия мен Сібірдегі **катун** // **хатан** болып келетін өзен аттарын көне түркі тіліндегі “өзен” деген сөз деп қарайды. Бірақ біз **Қатынқарағай** атауының этимологиясын басқаша қараймыз.

Жергілікті қариялар бұл атауды **Қатынқарағай** дейді. Бұл орыс тілінде **Катонқарағай** деп аталып, қазақ тіліне қайта әсер етіп, **Қатонқарағай** делініп кеткен.

Атаудың құрамындағы **қатын** сөзі - көне түркі тілінде қазіргі қазақ тіліндегі **қайын** (береза) сөзінің көне варианты. Орта ғасырда М. Қашқари заманында бұл сөз **қазын** түрінде болған (М. Қашқари, Дивани. Ташкент, I том, 68 беті, III том, 380 беті).

Бұл сөз якут тілінде және Сібірдегі кейбір түркі тілдері мен диалектілерінде **хатын** түрінде (К.Ф. Гриценко. Якутские топонимы на – лах. Языки и топонимия Сибири. Томск, 1966, Стр 44), хакас тілінде **хазын** (М.А. Абдрахманов. О составе // Ученые зап. ТГПИ, том XX вып. 2. Томск, 1962, стр.118) алтай, қазақ тілдерінде **қайын** түрінде кездеседі. Ендеше, бұл сөз **қатын** > **кадын** > **қазын** > **қайын** түрінде фонетикалық өзгеріске түскен деуге болады. Оның ескі және дыбыстық жағынан өзгерген түрі көптеген түркі тілдерінде сақталған. Н.К. Дмитриев түркі тілдеріндегі **р** // **д** // **т** // **з** // **й** // дыбыстарының сәйкесетінін айта келіп, **қадун** // **хатын** // **қазын** // **қайын** // (береза) сөздерін мысалға келтіреді. Өзге түркі тілдерінен оқшау қалған якут тілінде бұл сөздің ең көне **хатын** түрі сақталып қалуы да заңды. Бұл маңды мекендеген көне түркі тайпаларының көне тілінде қазіргі тіліміздегі **қайын** сөзі **қатын** аталғаны осы топонимде сақталған. Ал, атаудың Қатонқарағай түріне ауысуына орыс тілінің әсері ғана емес, бірінші және үшінші буындағы ашық **а** дыбыстарының ортадағы **ы** дыбысын ашық **о** дыбысына өзгеруінде әсер еткен тәрізді. Сонда бұл атаудың мағынасы “**қайын - қарағай**” деген қос сөз болса керек [12, 100-101].

Қорытынды. Қазақ тілінің географиялық терминологиясы мен топонимиялық сөз қорындағы дыбыс бейнелеуіш сөздер қатарына жататын атаулардың түпкі тарихы тілдің (тілдердің) шығу, пайда болу дәуірінен бастау алады. Географиялық терминология мен топонимия құрамындағы фоносемантикалық сипаты бар өте көне сөздердің, тілдің пайда болған дәуіріндегі **ілкі** сөздердің өзіне тән төмендегідей белгілері бар: 1) олар бір буынды түбір (имитатив) болып келеді; 2) дыбыс символикалық қасиеті бар; 3) көптеген тілдердің түпкі сөз қорында болған ұқсастықтар бар; 4) денотаттың (аталған нысанның) түрлі кешенді болып келетін акустикалық, визуалдық, тактильдік, сенсорлық т.б. сипаттарын, ерекшеліктерін идеофон, имитатив күйінде символдайды; 5) бір буынды ілкі түбір болғанымен, ұғымдық,

мағыналық тұрғыдан қарастырғанда, семантикасы сөзге не сөйлемге тең. Фоносемантикалық сипаты бар топонимдер мен географиялық апеллятивтер құрамындағы түбірлердің осы және де басқа ерекшеліктері тілдердің глоттохрония үдерістерінен (процесстерінен) хабардар етеді.

Тілдің пайда болу дәуіріндегі у идеофоны суды (ағынды, өзенді т.б.) символдық түрде бейнелеп, өзінің варианттары мен туынды тұлғалары ретінде **ус, су, уда, йу (ю), и, а, йыл (иль, ыл, ел, жыл, іл, йол, уол, ул т.б.), юг (юган, ёк, ёг, йога, ұйы, оёк, ёкка), ул (ол, хол/хул, джуль/жуль, чуль, шул, ула т.б.)** формаларымен белгілі. Тілдің (тілдердің) алғашқы, бастапқы, ілкі имитативтік дәуірінде пайда болған осы және де басқа суды, су нысандарын дыбыстық деңгейде символикалық түрде бейнелеген идеофондар мен имитативтер қазіргі тілдердегі географиялық апеллятивтер мен топонимдер (және де басқа лексикалық топтарда) құрамында сақталып қалған. Осы имитативтік түбірлер негізінде көптеген туынды, яғни лексикаланған және грамматикалық формаларға енген географиялық (гидрографиялық) апеллятивтер мен гидронимдер пайда болған.

Фоносемантикалық тұрғысынан қалыпқа келтірілген ***туб** имитативінің (және оның варианттарының – **төб/туп/доб/тоб** т.б.) анлауттағы орында тұрған **т/д «қатты (жұмсақ емес), көтеріңкі, үстіңгі (басындағы), биік, тік тұрған т.б.»** + **у/ө/о** – инлауттағы дауысты фонема – идеофон **«томпақ, домалақ, шар тәрізді, үстіңгі, биіктегі, айналма, дөңгелек т.б.»** + ауслауттағы **б «дөнес, дөнесті, томпақ», «аумақты, ауқымды, көлемді, қомақты»** сынды идеофондық мағыналар. Түптеп келгенде **төбе, дөнес, дөңгелек, томпақ, дөббө, тепе, топпа, дувэ, төпу, тибба** тағы басқа көптеген (ностратикалық ареалдағы) сөздер де имитативтік күйінде шығыңқы, көтеріңкі рельеф (жер бедері) нысандарын бейнелейді.

Жоғарыда аталған жер бетінен биікте жатқан табиғи нысан атауларының көрсетілген имитативтік (идеофондық) сипаты мен бейнесі еріндік дыбыстардың (фонемалардың) символизміне негізделген.

Дыбыс бейнелеуіш топонимдер қатарына жататын атаулар дыбыс еліктеуіш және дыбыс символикалы сөздер болып бөлінеді. Дыбыс еліктеуіш географиялық атауларға біз **Даңғырақ, Жаңғырық, Сарқырама, Күркіреуік, Күркілдек, Қорс, Шар, Шарбұлақ, Шарын, Сарпылдақ, Сар (сары) бұлақ, Өкір, Топар, Қарқара** т.б. жатқызамыз.

Осы фоносемантикалық сипаты бар атаулар құрамындағы түбірлер фонемотип немесе имитатив күйінде, ретінде дыбыс еліктеуіш қызметін атқарған. Мәселен, **Даңғырлақ** топониміндегі **Даң** – түбіріндегі әр фонема – идеофон (идеофонема) белгілі бір еліктеуіш мағынаға ие. Еліктеудің негізгі сипатын, болмысын осы фоносемантикалық дауыссыз **д** және **ң** дыбыстары (идеофондар) көрсетеді. Ал имитативтік сөз ортасындағы дауысты фонема (идеофонема) еліктеуіш түбірді (сөз) суреттейтін табиғи үн, шу, дыбыстың күштілігін/әлсіздігін және тобын сипаттайды. Жалпы алғанда, **даң** имитативі (фонемотип, фоносемантикалық модель) табиғи дыбыстардың (шудың) төмендегідей сипаттарына еліктейді: **«күмбірлеген, саңғырлаған, даңғырлаған (дыбыс)», «іші қуыс заттың басқа нәрсеге соғылуынан шығатын қаңғыр-күңгір**

(дыбыс)», «даң-дүң» еткен, «қаңғыр-күңгір» еткен, «салдыр-гүлдір» еткен (дыбыстар), «даңғырлап қатты дауыс еткен», «айғай-ұйғайға, у-шуға ұқсайтын (дыбыстар)» т.б. Сол сияқты **Сарқырама, Сарбұлақ, Шар, Шарбұлақ, Шарын, Сарпылдақ** т.б. топонимдер құрамындағы **сар/шар/сор/шор** имитативтік түбірлер өзен, бұлақ, арық атауларында судың сарылдап, шарылдап, сорылдап, шорылдап, яғни қатты немесе баяу екпінмен қуыс, тар жермен ағуына еліктеу түрінде сипатталады. Сонымен қатар осы фоносемантикалық модельдің дыбыс символикалық қызметі бар: анлауттағы **с/ш** судың (немесе кез келген сұйықтың) шумен жылжуын, сусуын, ағуын (олардың түрлерін) көрсетеді, инлауттағы ашық **а** ағынның көлемін, кең жайылғанын (көлемділігін) сипаттайды; ал ауслауттағы **р** - вибрант ретінде аққан судың (сұйықтың) діріл, тербелмелі сипаттарын символдайды.

Дыбыс символикалы гидронимдер қатарына **Балқаш, Іле, Елек, Шелек/Желек, Сырдария, Сілеті, Ойыл, Қиыл, Елік, Есіл, Жылға, Ұлан, Ұласты, Шұлба** т.б. фоносемантикалық сипаты бар атауларды жатқызамыз. **Балқаш** атауындағы **бал** түбірі өзінің фоносемантикалық варианттық тұлғаларында семит-хамит, үндіеуропа, алтай тілдерінде кездесуі оның дыбыс символикалы сипатын деректейтін белгісі болып табылады. **Балқаш** гидронимінің **бал** түбірі (түбірі **бл** – фонемотипі) фоносемантикалық сипатқа ие, осы түбір (фонемотип) құрамындағы идеофондар дыбыс символикалық түрде **сулы, балшықты, батпақты** деген ұғымдарды имитациялайды, суреттейді, бейнелейді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Корнилов Г.Е. Имитативы в чувашском языке. – Чебоксары: Чувашское книжное издательство, 1984. – 184 с.
2. Кайдаров А.Т. Структура односложных корней и основ в казахском языке. - Алма-Ата, Наука 1986.-328 с.
3. Мурзаев Э.М. Очерки топонимики.- М.: Мысль, 1974. – 380 с.
4. Сағындықұлы Б. Қазақ тілі лексика дамуының этимологиялық негіздері. – Алматы: Санат, 1994.- 168 б.
5. Левицкий В.В. Звукосимволизм в лингвистике и психолингвистике// Филологические науки. 1975. №4.-С-47-52
6. Мурзаев Э.М. Словарь народных географических терминов. -М., 1984.- 653 с
7. Малолетко А.М. Палеотопонимика. -Томск: Изд-во Томского университета. 1992.- 264 с.
8. Воронин С.В. Этимология и фоносемантика (на материале тюркских и некоторых других языков)//Проблемы этимологии тюркских языков. – Алма-Ата: Ғылым, 1990.- С.62-70.
9. Хусаинов К.Ш. Звукоизобразительность в казахском языке. – Алма – Ата: Наука, 1988 – 232с.
10. Қазақ тілінің сөздігі. Жалпы ред. басқарған. Т. Жанұзақов. – Алматы: Дайк – Пресс, 1999 – 776 б.

11. Джанузаков Т.Дж. Материалы древней топонимии Казахстана как база для этимологических исследований // Проблемы этимологии тюркских языков. – Алма – Ата: Ғылым, 1990 – 295-320 бб.
12. А.Әбдірахманов. Топонимика және этимология. -Алматы, Ғылым 1975. - 207 б.
13. Кажибеков Е.З. Глагольно – именная корреляция гомогенных корней в тюркских языках. – Алматы: Наука, 1986 – 272с.

ДИССЕРТАЦИЯ ТАҚЫРЫБЫ БОЙЫНША ЖАРИЯЛАНҒАН ЕҢБЕКТЕР

1. Қазақ жалқы есімдері құрамындағы фоносемантикалық сөздердің зерттелуі жайында // Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Хабарлары, 2006, №6, 88-89 бб.
2. Қазақ жалқы есімдерінің мифоритуалдық аспектілері // Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 15-жылдығына арналған «Әуезов оқулары -5»: «Қазақстанда гуманитарлық ілімдердің дамуы: ізденістер, даму перспективалары мен бағыттары» атты халықаралық ғылыми - тәжірибелік конференцияның еңбектері. Шымкент, 2006, 100-104 бб.
3. Халықтық географиялық терминдерді фоносемантикалық тұрғыдан қарастырудағы глоттогенез мәселесінің рөлі // Қазақ тіл білімі мен түркітану мәселелері: І.Кеңесбаев, М.Балақаев, Ғ.Мұсабаевтың 100 жылдығына орай арналған ғылыми – теориялық конференцияның материалдары, Алматы, 2007, 207-209 бб.
4. Физикалық-географиялық апеллятивтердің фоносемантикалық сипаттамасы // Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл Білімі Институты. Тілтаным, 2007, №4, 97-101 бб.
5. Қазақ тіліндегі халықтық географиялық терминдердің фоносемантикалық сипаты // Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Халықаралық ғылыми – педагогикалық «Қазақстан жоғары мектебі» журналының ғылыми қосымшасы. Ұлт тағлымы, 2007, №4, 271-273 бб.
6. Қазақ жалқы есімдерінің «Тіл - мәдениет» қатынасындағы аялық білім көрінісі. // «М.Әуезов – жаңа дәуір данышпаны» атты халықаралық ғылыми – тәжірибелік конференция материалдары. Шымкент, 2007, 57-61 бб.
7. Имитативтердің негізінде пайда болған сөздер // Жаңа ғасырдағы Қазақстанның тілдік кеңістігі және әлемдік лингвистиканың өзекті мәселелері: халықаралық ғылыми – теориялық конференция материалдары. Алматы, 2008, 648-653 бб.
8. Қазақ жалқы есімдеріндегі жер бедері атауларының фоносемантикалық сипаты // Халықаралық ғылыми - педагогикалық «Қазақстан жоғары мектебі» журналының ғылыми қосымшасы. Ізденіс, 2008, №2, 96-99 бб.
9. Қазақ топонимиясында кездесетін дыбыс бейнелеуіш сөздер // Профессор Н.Оралбай және Тіл білімі мен әдістеме ілімі: Н.Оралбайдың 80 жылдық мерейтойына арналған халықаралық ғылыми практикалық конференция материалдары. Алматы, 2008, 235-238 бб.

10.Қазақ тіліндегі дыбыс символикалы жалқы есімдердің шығу тарихы, фоносемантикалық этимологиясы // Қазақстан білім бері жүйесіндегі тарих пәндерінің өзекті мәселелері: Шымкент педагогикалық институтының 70 жылдығына арналған II – халықаралық ғылыми – практикалық конференцияның материалдары. Шымкент, 2008, 297-301 бб.

РЕЗЮМЕ

диссертации, представленной на соискание ученой степени
кандидата филологических наук по специальности
10.02.02 – казахский язык

Макулбек Азамат Болатбекулы

Фоносемантическая характеристика казахских топонимов

Актуальность исследования. Тема диссертационного исследования представляется актуальной, так как изучение фоносемантической природы казахских топонимов, их этимологической фоносемантики позволяет вскрыть и описать самые древнейшие слои топонимической лексики казахского языка, их качественно иное языковое (имитативное) состояние, что дает предпосылки и возможности рассмотрения некоторых аспектов общей теории возникновения языка и глоттохронии. Актуальность исследования определяется также тем, что основные проблемы и вопросы заявленной темы рассматриваются и изучаются с позиции антропонимической парадигмы, исследующей язык в тесной связи с человеком, его мышлением и сознанием.

Орографические апеллятивы казахского языка сохранили в своем составе реликтовые идеофоны (имитативы, фонемотипы, фоносемантические модели) в звуко-символической форме, изображающих на основе губных гласных и согласных а также лабиализованных звуков положительные формы рельефа.

В звукоподражательных казахских топонимах корневые основы и морфемы имеют реликтовые этимологически утраченные или затемненные идеофоны (или фонемотипы, фоносемантические модели), передающие звукоизобразительные подражательные “звучащим” географическим объектам.

В звуко-символических казахских гидронимах обнаруживаются корневые основы, имеющие фоносемантическую природу, передающие в символической форме интермодальные ассоциации связанные с номинируемым гидрографическим объектом.

Объект исследования. Объектом исследования являются гидронимы, оронимы, а также гидрографические и орографические апеллятивы казахского языка, имеющие фоносемантическую (звукоизобразительную) природу.

Цель и задачи исследования. Основной целью диссертационной работы является определение и описание фоносемантической природы и этимологической фоносемантики определенных групп казахских оронимов и гидронимов, а также некоторых орографических и гидрографических апеллятивов.

В соответствии с основной целью в диссертации решаются следующие задачи:

- исследование вопроса формирования и развития казахской топонимической системы в новом ракурсе, т.е. определения фоносемантической структуры;

-определяются некоторые аспекты глоттогенеза сквозь призму фоносемантического исследования древнейших казахских народных географических терминов;

-дается фоносемантическая характеристика некоторых казахских гидрографических апеллятивов;

-раскрывается фоносемантическая природа некоторых казахских орографических терминов;

- определяется фоносемантическая характеристика звукоподражательных топонимов казахского языка;

-этимологические аспекты казахской топонимической системы определяются в контексте с фоносемантической теории;

-раскрывается фоносемантическая природа звуко-символических этимологических изысканий казахских гидронимов, образованных на основе явления звуко-символов;

-этимологическая суть некоторых казахских оронимов интерпретируется на фоносемантической основе.

Методы исследования. В диссертации использованы описательный, сравнительный, сопоставительный и др. методы и приемы научного исследования. В основном применен метод фоносемантического анализа слова, предложенный С.В.Ворониным.

Научная новизна и результаты исследования. В диссертационной работе впервые в казахском языкознании казахские топонимы и географические термины исследованы с позиций теории фоносемантики.

В работе достигнуты следующие результаты:

-в соответствии с требованиями фоносемантики и на основе ее методов определена звукоподражательная и звуко-символическая характеристика казахских топонимов и географических терминов;

-определены и описаны звукоподражательные и звуко-символические характеристики ряда казахских топонимов и географических терминов;

-дано описание некоторых особенностей идеофонов и имитативов на основе рассмотренных материалов по казахской топонимии и географической терминологии;

-предпринята попытка рассмотрения роли и характера глоттогенеза в аспекте фоносемантической теории происхождения языка;

-определены и описаны некоторые отличительные особенности звукоподражательных и звуко-символических слов на материале казахских топонимов и географических терминов;

- в ходе исследования конкретизированы методы исследования;

-выявлены возможности фоносемантической реконструкции как один из эффективных методов этимологического определения в области топонимов.

Теоретическая и практическая значимость исследования. Теоретическая значимость работы заключается в том, что теоретические основы фоносемантики, приемы и методы фоносемантической теории языка корректно и успешно применены в исследовании и описании

фоносемантической природы определенной части топонимической и географической лексики казахского языка.

Результаты исследования можно использовать при дальнейшей разработке общих и частных проблем теории фоносемантики, ономастики, топонимики, теории номинации и т.д. Результаты диссертационной работы также могут быть применены в практике преподавания вузовских дисциплин по фоносемантике, ономастике, общему языкознанию, топонимике, лингвистической типологии и лексикографической практике.

Научные положения, выдвигаемые к защите:

- в лексическом фонде казахских топонимов и географических терминов звукоизобразительные единицы имеют реликтовые характеристики идеофонов и имитативов;

- односложные идеофоны и имитативы, возникшие в эпоху появления языка, сохранились в качестве корней – основ в лексикализованных и грамматикализованных производных словах современных языков;

- названия положительного рельефа имеют фоносемантическую природу, основанную на символизме губных звуков - фонем;

- звукоподражательные топонимы имеют в корневой основе идеофон или сама основа – корень является звуковым подражанием естественным звукам, шумам и т.д. издаваемым объектами фоносемантической номинации;

- звукосимволические гидронимы содержат в своем звуковом составе идеофоны (идеофонемы), символизирующие на основе синестезии и синестемии тактильные, сенсорные, акустические характеристики текущей воды (реки) на фоносемантическом уровне.

Структура диссертации. Диссертация состоит из введения, двух основных разделов, заключительной части и списка использованной литературы.

Апробация работы: Содержание и результаты исследования отражены в шести докладах на международных и республиканских научных конференциях и в четырех научных статьях.

SUMMARY

Dissertation submitted for the scholarly degree of
“Candidate of Philological Sciences”

Speciality: 10.02.02 - the Kazakh language

Makulbek Azamat Bolatbekuly

Phonosemantics description of the Kazakh toponyms

The topicality of the research is determined by a possibility to describe the ancient group of the Kazakh toponymical words based on the phonosemantic historical nature and origin having some common aspects with theories of primary forms of Language in general. At the same time the research of anthroponomical paradigm, problems of Language in connection with a man and his consciousness take place in the dissertation.

Orographical appellatives of the Kazakh language were kept in their composition relict ideophones (imitative, phoneme types, phonosemantic models) in the sound symbolic forms expressing positive meaning of relief on the basis of labial vowels and consonants as well as labialized sounds.

In Kazakh sound imitating toponyms root stems and morphemes have relict etymologically expressing or obscured ideophones (or phoneme types, phonosemantic models), which provides sound imitating of “sounding” geographic objects.

In Kazakh sound symbolic hydronyms root stems have phonosemantic nature expressing intermodal associations, related with nominating hydrographic objects, to their symbolic forms.

The object of the research is a group of the Kazakh hydronyms, oronyms and hydrographical and orographical appellatives of phonosemantic origin.

The aim of the research is to study the phonosemantic nature and the main features of a certain group of the Kazakh hydronyms and hydrographical and orographical appellatives. In accordance with the main aim it was necessary to solve following problems:

- study of issues on formation and development of the Kazakh toponymic system in a new aspect i.e. definition of phonosemantic structure;
- to define different aspects of glottogenetics through the phonosemantic investigation of ancient Kazakh geographical terms;
- to represent phonosemantics description of some Kazakh hydrographical appellatives;
- to describe phonosemantic nature of some Kazakh orographical terms;
- to define phonosemantic features of onomatopoetic toponyms in the Kazakh Language;

-etymological aspects of Kazakh toponymic system are defined in the context of the phonosemantic theory;

-sound symbolic nature of Kazakh hydronyms were etymological investigated;

-etymological essence of some Kazakh oronyms is interpreted on the phonosemantic basis.

Methods of the research. In the dissertation descriptive, comparative and other methods are used. The phonosemantic method is the main scientific method of dissertation created by Voronin S.V.

The scientific novelty and the results of research. The Kazakh toponyms and geographical terms were investigated for the first time in the work and the following results were taken:

-onomatopoeic and sound symbolic characteristics of Kazakh toponyms and geographic terms have been defined in accordance with requirements of phonosemantic study and on the basis of its methods;

-onomatopoeic and soundsymbolic features of some Kazakh toponyms and geographical terms were defined and had a description;

-ideophone and imitative features of the Kazakh toponyms and geographical terms were described;

-attempts to review the role and characteristics of glottogenetics have been made in aspect of phonosemantic theory or origin of the language;

-some differential peculiarities of onomatopoeic and soundsymbolic words were described and defined using the Kazakh toponymic and geographical language materials;

-during on the research method of investigation were concretely specified;

-opportunities of phonosemantic reconstruction have been revealed as one of the effective methods of etimological defenitions in the toponymic aspect.

The theoretical and practical meaning of the research consists in usage of phonosemantic methods in investigating historical sound nature of a certain group of the Kazakh toponyms and geographical words. The results of research can be used in case of further creation of general and concrete problems of phonosemantics, onomastics, toponomy and the nomination theory. At the same time they can be used in practice of reading such high school courses as phonosemantics, onomastics, general linguistics, toponymics, linguistic typology and lexicographical practice.

The main theoretical statements to be defended are:

-in the vocabulary of Kazakh toponyms and geographical terms there some onomatopoeic units with relic peculiarities of ideaphones and imitative;

-monosyllable ideaphones and imitative formed in a period of language origin one can find as roots and stems in Lexicalized and grammaticalized derivatives in modern languages;

-names of positive reliefs have a phonosemantic nature based on the soundsymbolism of labial sounds - phonemes;

-onomatopoeic toponyms their roots and stems are based on imitation of natural sounds produced by object of phonosemantic nomination;

-soundsymbolic hydronyms, their sound construction contain ideaphones symboling features of running water on the phonosemantic level through phenomenon of synesthesia and synesthesia.

The work contains of introduction, two parts with summaries, conclusion and list of bibliography.

Approval of the work: Content and results of the research are represented in six reports at international and republican scientific conferences and in four scientific articles.